QAZAQSTAN MEKTEBI

№5 (1203)
2026

Журнал 1925 жылдың тамыз айынан бастап шығады

QAZAQSTAN MEKTEBI

№5 (1204) 2026 // ISSN 0206-3409

Журнал айына 1 рет шығады

Журнал Кеңес Одағы Жоғарғы Кеңесі Президиумының өкімімен 1975 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 1985 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Дабылтаева Р.Е. - бас редактор, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «Ы.Алтынсарин» төсбелгісінің иегері

Еркинбекова М.А. – жауапты редактор, психология ғылымдарының кандидаты, доцент, ХҒАА академигі

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:

Альмухамбетов Б.А. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ

Тұрғынбаева Б.А. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ

Сабри Хизметли – философия докторы (PhD), профессор

Есназарова Ұ.А. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Жайтапова А.А. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абылайхан атындағы ҚХҚ және ӘТ университеті

Құсайынов А.Қ. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Педагогикалық ғылымдар академиясының президенті

Меңдіғалиева Г.Қ. – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор

Токсанбаева Н.К. – психология ғылымдарының докторы, профессор

Мирзоева Л.Ю. – филология ғылымдарының докторы, профессор, С.Демирел ат. университеті

Yücel Gelişli – психология ғылымдарының докторы, профессор, Туркия

Көмекбаева Л.К. - психология ғылымдарының кандидаты, доцент, «Q University», Алматы

Аймағамбетова М.М. – PhD, қауымдастырылған профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Куратова О.А. – педагогика ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, доцент

Ботай Р. – «Shamshyraq ulttyq mektebi» директоры, Алматы қаласы

Наметқұлов М.Ж. - «КЕМЕЛ ҰРПАҚ АЛМАТЫ» мектебінің директоры

Смаилова З.Ө. - "Өрлеу" БАҰО" АҚ Жамбыл облысы бойынша Кәсіби даму институтының Жаратылыстану-математикалық бағыттағы кафедрасының аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі

Қолжазба қайтарылмайды. Мақалаларға пікір жазылмайды.

© «Qazaqstan mektebi»

ISSN 0206-3409

«QAZAQSTAN MEKTEBI» ЖУРНАЛЫНДА
ЖАРИЯЛАНАТЫН МАҚАЛАЛАРДЫ РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Мақаланың көлемі — **5–8 бет**, компьютерде **12 кегльді қаріппен**, **бір интервал** арқылы теріледі. Баспа талаптарына сәйкес бет өрістері сақталуы тиіс: сол жақ — **3 см**, жоғары және төменгі — **2 см**, оң жақ — **2 см**.

Мақалада міндетті түрде болуы қажет: мақала тіліне сәйкес **аннотация және түйін сөздер**; **пайдаланылған әдебиеттер тізімі**, мәтінде сілтеме жасалу ретімен, мақаланың соңында беріледі; төменде: **қазақ тілінде — түйін**, **орыс тілінде — резюме**, **ағылшын тілінде — summary**, әрқайсысында **мақаланың атауы** тиісті тілде көрсетілуі тиіс. Мақаланың **сол жақ жоғарғы бөлігінде УДК** көрсетіледі.

Редакцияға мақала жолдау кезінде **қоса тіркеледі**: антиплагиат жүйесінің анықтамасы (**түпнұсқалығы кемінде 65 %**); белгіленген реквизиттер бойынша **төлем түбіртегі**.

Мақалаға **автор (авторлар) туралы мәліметтер** қоса беріледі: тегі, аты, әкесінің аты; ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы; жұмыс орны мен лауазымы (немесе оқу орны); қызметтік және үй мекенжайы; қызметтік және үй телефондары; электрондық пошта мекенжайы.

Мақалалар журнал редакциясының **электрондық поштасына** жолданады. Мақаланың ғылыми және мазмұндық жауапкершілігі **авторға (авторларға)** жүктеледі. Редакциялық кеңес мақаланы **өңдеу, жариялау немесе қабылдамау** құқығын өзінде қалдырады. Жіберілген қолжазбалар **қайтарылмайды, рецензияланбайды және қалпына келтірілмейді.** Материалды қайта басу кезінде **журналға міндетті түрде сілтеме жасалуы қажет.**

«QAZAQSTAN MEKTEBI» ЖУРНАЛЫНЫҢ БӨЛІМДЕРІ

1. Ғылыми-әдіснамалық
2. Ғылыми-зерттеу
3. Білім берудегі инновациялар
4. «Саналы ұрпақ»
5. Психология
6. Қазақстанның үздік мектептері

Журнал **ай сайын** жарық көреді.

✉ **Мақалалар қабылданатын электрондық пошта:** kaz_mektep@mail.ru ✆ **Анықтама телефоны:** 8 (702) 372-33-12
«QAZAQSTAN MEKTEBI» ғылыми-педагогикалық журналының редакциясы» мекемесі
БСН: 921240001227
Мекенжайы: Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Жазылбек көшесі, 20 Д
Есеп айырысу шоты: KZ698562203152578375
«Банк ЦентрКредит» АҚ
БСК: KCJBKZKX

ТРЕБОВАНИЯ К ОФОРМЛЕНИЮ СТАТЕЙ, ПУБЛИКУЕМЫХ
В ЖУРНАЛЕ «QAZAQSTAN MEKTEBI»

Объём статьи — **5–8 страниц**, набранных на компьютере шрифтом **12 pt** через **одинарный межстрочный интервал** с соблюдением издательской рамки: поля — **3 см слева**, **2 см сверху и снизу**, **2 см справа**.

Статья должна содержать: **аннотацию и ключевые слова** на языке статьи; **список использованных источников**, оформленный в конце статьи **в порядке цитирования**; ниже - **түйін (на казахском языке)**, **резюме (на русском языке)**, **summary (на английском языке)** с обязательным указанием **названия статьи** на соответствующем языке. В **левой верхней части** статьи указывается **УДК**.

При направлении рукописи в редакцию **обязательно прилагаются**: справка системы антиплагиата с показателем **оригинальности не ниже 65 %**; квитанция об оплате по установленным реквизитам.

К статье прилагаются **сведения об авторе (авторах)**: фамилия, имя, отчество; ученая степень и ученое звание; место работы и должность (или место учебы); служебный и домашний адреса; номера служебного и домашнего телефонов; электронный адрес.

Рукописи статей направляются **на электронную почту редакции журнала**. Ответственность за **концептуальное и научное содержание статьи** несет автор (авторы). Редакционный совет оставляет за собой право **редактирования, публикации либо отклонения** рукописи. Рукописи **не возвращаются, не рецензируются и не восстанавливаются.** При перепечатке материалов **ссылка на журнал обязательна.**

РАЗДЕЛЫ ЖУРНАЛА «QAZAQSTAN MEKTEBI»

1. Научно-методологический
2. Научно-исследовательский
3. Инновации в образовании
4. «Саналы ұрпақ»
5. Психология
6. Лучшие школы Казахстана

Журнал выходит **ежемесячно**.

✉ **Статьи принимаются по электронному адресу:** kaz_mektep@mail.ru ✆ **Справки по телефону:** 8 (702) 372-33-12
Учреждение «Редакция научно-педагогического журнала «QAZAQSTAN MEKTEBI»
БИН 921240001227
Адрес: г. Алматы, Ауэзовский район, улица Жазылбека 20 Д
Расчетный счет: KZ698562203152578375
в АО «Банк Центр Кредит»
БИК KCJBKZKX

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫСӨЗ 4

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетов 75 жаста 5

Миразова А.Т. - ЖАҚСЫЛЫҚ – АЙ МЕН КҮНДЕЙ, БАРША АДАМҒА БІРДЕЙ 7

Жайтапова А.А. - БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖҮЙЕСІ: ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҚ ПЕН ЗАМАНАУИ БАСҚАРУ ПАРАДИГМАСЫ 11

Тұрғынбаева Б.А. - ҒЫЛЫМ МЕН ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ЗЕРГЕРІ 14

Дүйсебек Ә.Т. - ҚАЗАҚ ӨНЕРІ МЕН БІЛІМІНІҢ ТАУ ТҰЛҒАСЫ 20

Жұмабаева Ә.Е. - ҒЫЛЫМ МЕН ӨНЕР ЖОЛЫНДАҒЫ ӨНЕГЕЛІ ҒҰМЫР 24

Есназарова Ұ.Ә. - ҚҰРМЕТТІ ПРОФЕССОР, АРДАҚТЫ ҰСТАЗ БЕРІКЖАН АЙТҚҰЛҰЛЫ 27

Амирова А.С. - СӘН ӘЛЕМІН СӨЙЛЕТКЕН ҒАЛЫМ 29

Амиргазин К.Ж. - ҚҰРМЕТТІ, БЕРІКЖАН АЙТҚҰЛҰЛЫ 33

Ахатұлы Н. - ТОЛЫҚ БІТІМ 34

Салқынбай А.Б. - БЕС НӘРСЕГЕ АСЫҚ БОЛҒАН БЕРІКЖАН АЙТҚҰЛҰЛЫ 39

Тәуірбекова С.Ж. - ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ТЫҢ ІСТЕР 45

Сағымбаев Ә.Ә. - ҒАЛЫМ, ПЕДАГОГ, ТӘЛІМГЕР 58

Ғалымжанова М.А. - ҰСТАЗ ТАҒЫЛЫМЫ – ҒЫЛЫМ МЕН ӨМІРГЕ ЖОЛ 60

Дабылтаева Р.Е. - ҒЫЛЫМ МЕН ӨНЕРДІ ҰШТАСТЫРҒАН ҰСТАЗ ТҰЛҒА 62

Оракова А.Ш. - ҒЫЛЫМИ МЕКТЕП ЖӘНЕ ТҰЛҒАЛЫҚ ТАҒЫЛЫМ 65

Ақжолова А.Т. - ПАРАСАТ ПЕН ПАЙЫМ БИІГІНДЕГІ ТҰЛҒА 68

Қожағұлов А.Т. - ҰСТАЗҒА ТАҒЗЫМ – ҰЛТ РУХАНИЯТЫНА ҚЫЗМЕТ 72

Байболова Г.Г. - ӨНЕГЕЛІ ҒҰМЫР-ӨРЕЛІ ЖОЛ 76

Чокушева А.И. - УЧЕНЫЙ, УЧИТЕЛЬ-НАСТАВНИК И РУКОВОДИТЕЛЬ 79

Дарменова Р.А. - ЖЕМІСТІ ЕҢБЕКТІҢ ЗЕЙНЕТІ МОЛ 81

Насырова Г.У. - ВДОХНОВИТЕЛЬ И ЛИДЕР 83

Берікбол Р.Р. - АРТЫНА ШӘКІРТ ЕРГЕН ҰСТАЗДЫҢ ЕҢБЕГІ ЕШҚАШАН ЗАЯ КЕТПЕЙДІ 85

Сарсекенова А.Б. - ПАРАСАТ ПАЙЫМЫ БИІК ЖАН 87

Бектенгалиева С.Х. - ҒАЛЫМ-ҰСТАЗДЫҢ ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫРЫ 91

Оспанов Б.Е. – Құттықтау сөз 93

***

АЛҒЫСӨЗ

«Qazaqstan mektebi» журналының №5 саны қазақ педагогикасы мен бейнелеу өнері саласының дамуына өлшеусіз үлес қосқан, ұлағатты ұстаз, көрнекті ғалым, қоғам қайраткері – педагогика ғылымдарының докторы, профессор Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетовтің ***мерейтойына*** *арналады.*

Берікжан Айтқұлұлы – ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуына сүбелі үлес қосқан, педагогика ғылымының өзекті мәселелерін терең зерттеп, оларды тәжірибемен ұштастыра білген ірі тұлға. Ғалымның ғылыми еңбектері мен әдістемелік мұралары жас ұрпақты тәрбиелеуде, білім беру мазмұнын жаңғыртуда және ұлттық құндылықтарды дәріптеуде маңызды орын алады. Оның бейнелеу өнері саласындағы зерттеулері мен педагогикалық тұжырымдары отандық ғылым мен білім кеңістігінде жоғары бағаланып келеді.

Ұстаз ретінде ол сан мыңдаған шәкірт тәрбиелеп, олардың кәсіби және тұлғалық қалыптасуына бағыт-бағдар берген тәлімгер. Оның педагогикалық қызметі терең адамгершілік құндылықтарға, ұлттық рухқа және заманауи білім беру талаптарына негізделген.

Осы мерейтойлық арнайы сан аясында ұсынылған мақалаларда педагогика, өнер және білім беру мәселелері кеңінен қарастырылып, Берікжан Айтқұлұлының ғылыми-педагогикалық мұрасына, оның идеялары мен ұстанымдарының қазіргі білім беру жүйесіндегі маңызына ерекше назар аударылады.

Журнал ұжымы профессор Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетовтің ғылым мен білім саласындағы елеулі еңбегін жоғары бағалай отырып, оның мерейлі мерейтойымен шын жүректен құттықтайды және кейінгі ұрпаққа өнегелі мұрасын насихаттауды өзіне үлкен мәртебе санайды.

Редакция

***

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетов
75 жаста

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетов 1951 жылы 9 мамырда Талдықорған облысы, Қаратал ауданы, Елтай ауылында дүниеге келген. Әкесі – Ұлы Отан соғысының ардагері, I–II дәрежелі ордендермен, «Қызыл Жұлдыз», «Ерлігі үшін» медальдарымен марапатталған Альмұхамбетов Айтқұл Өмірбекұлы. Анасы – еңбек ардагері Нұрғалиева Раш, шеберлігімен танылған ісмер жан болған.

1968 жылы орта мектепті тәмамдағаннан кейін еңбек жолын бейнелеу өнері және сызу пәндерінің мұғалімі ретінде бастайды. 1970–1975 жылдары Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институты көркемсурет-графика факультетінде білім алып, жоғары білімін аяқтаған соң, сол оқу орнында оқытушылық қызметін жалғастырады.

1975–1979 жылдары оқу орнында кәсіподақ комитетінің төрағасы, кейін комсомол комитетінің хатшысы қызметтерін атқарып, қоғамдық жұмыстарда белсенділігімен ерекшеленді. 1979 жылдан бастап педагогикалық қызметін қайта жалғастырып, аға оқытушы, кейін факультет деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарады. Бұл кезеңде ол ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, шығармашыл педагог әрі болашағы зор жас ғалым ретінде танылды.

1989 жылдан бастап Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінде мемлекеттік деңгейде қызмет атқарып, тәрбиелік жұмыстар басқармасының бас маманы болды. Осы кезеңде «Сықырлы қазан», «Әнші балапан», «Үкілі домбыра» сияқты республикалық мәдени-ағартушылық жобалардың ұйымдастырушыларының бірі ретінде халықтық педагогиканы дамытуға үлес қосты.

1990 жылы «Қазақ ұлттық өнері арқылы IV–VII сынып оқушыларын эстетикалық тәрбиелеу» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Кейін 2001 жылы педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін «Қазақстан Республикасында педагог кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесінің қалыптасуы мен даму тенденциялары» тақырыбында қорғады.

1991–1996 жылдары Қазақстан Республикасы Білім министрлігі мен Үкімет аппаратында жауапты қызметтер атқарып, білім беру саясатын қалыптастыруға және оны жүзеге асыруға белсенді қатысты. Осы жылдары ЮНЕСКО аясында өткен Абайдың 150 жылдық мерейтойын ұйымдастыру жұмыстарына да атсалысты.

1997–2007 жылдары Республикалық білім беру жүйесі басшылары мен ғылыми-педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру институтының директоры қызметін атқарып, елдегі педагог кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесін жетілдіруге зор үлес қосты. Оның басшылығымен білім беру жүйесіне ақпараттандыру, инновациялық технологияларды енгізу бағытында маңызды реформалар жүзеге асырылды.

Ғалымның ғылыми еңбектерінің негізгі бағыты – педагог кадрлардың кәсіби дамуы, көркемдік білім беру жүйесін жаңғырту, ұлттық өнер негізінде тәрбие беру мәселелері болып табылады. Ол жалпы білім беретін мектептерге арналған бейнелеу өнері пәні бойынша жаңа буын оқулықтарының авторы.

2003 жылы профессор ғылыми атағы беріліп, 2006 жылы Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы академигі болып сайланды. Мемлекет алдындағы еңбегі үшін 2007 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Құрмет» орденімен марапатталды.

2007 жылдан бастап «Бөбек» ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығының бас директоры қызметін атқарып, «Өзін-өзі тану» бағдарламасын дамытуға және оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеуге белсенді қатысты.

2009 жылдан бері Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті көркемсурет-графика факультетінің деканы ретінде ғылыми және педагогикалық қызметін жалғастырып келеді.

Қазіргі таңда Берікжан Айтқұлұлы – бірнеше ғылыми журналдардың бас редакторы және редакциялық алқа мүшесі. Оның жетекшілігімен ғылыми кадрлар даярлау, PhD бағдарламаларын дамыту, ғылыми-зерттеу орталықтарын ашу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Ғалым 100-ден астам ғылыми еңбектің авторы. Оның жетекшілігімен көптеген докторлық, кандидаттық және магистрлік диссертациялар қорғалып, жас ғалымдардың ғылыми мектебі қалыптасты.

Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетов – отандық педагогика ғылымының дамуына елеулі үлес қосқан, ұлттық білім беру жүйесін жаңғыртуға, ғылыми кадрларды даярлауға және мәдени-ағартушылық қызметті жетілдіруге өмірін арнаған көрнекті ғалым, білікті ұстаз және қоғам қайраткері. Оның ғылыми мұрасы мен педагогикалық тәжірибесі қазіргі білім беру жүйесінің стратегиялық дамуында маңызды орын алады.

«Qazaqstan mektebi» журналының редакция алқасы педагогика ғылымдарының докторы, профессор Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетовті мерейлі мерейтойымен шын жүректен құттықтайды!

Сіз – ұлттық білім беру жүйесінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан, саналы ғұмырын ғылым мен ұстаздық жолға арнаған көрнекті ғалым, парасатты тұлғасыз. Сіздің ғылыми еңбектеріңіз бен педагогикалық қызметіңіз – жас ұрпаққа бағыт-бағдар беретін, рухани құндылықтарды дәріптейтін баға жетпес мұра.

Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, шығармашылық шабыт және ғылыми-педагогикалық қызметіңізде жаңа жетістіктер тілейміз! Еліміздің білім мен ғылым саласының өркендеуіне қосып келе жатқан еңбегіңіз әрдайым жоғары бағаланып, ізгі істеріңіз жалғасын таба берсін!

Ізгі тілекпен,
«Qazaqstan mektebi» журналының редакция алқасы

ӨМІРІ ӨНЕГЕ

ЖАҚСЫЛЫҚ – АЙ МЕН КҮНДЕЙ, БАРША АДАМҒА БІРДЕЙ

Миразова Аягүл Төреқызы
Қазақстанның тұңғыш Еңбек Ері, «Алтын жұлдыз», «Отан» орденінің иегері, Қазақстан ПҒА және ҰҚА Академигі, Қазақстанға еңбегі сіңген қайраткер, Жамбыл облысы, Жуалы ауданының, Алматы қаласының «Құрметті азаматы»



«Жақсылық – ай мен күндей, барша адамға бірдей» демекші, бүгіндері 75 жасқа толып отырған ардақты азамат, республика мектептері мен жоғары оқу орындарының дамуына орасан зор еңбек сіңірген педагогика ғылымдарының докторы, үлкен эстет ғалым, академик, белгілі қоғамдық қайраткер Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетов туралы педагогикалық толқусыз айту мүмкін емес. Оның білім беруде сан-алуан жүйесіндегі, мемлекеттік - басшылық қызметтері, өнердің адам тұлғасына эстетикалық – адамгершілік және азаматтық ықпалын арттыру т.б. жемісті еңбектерінің игіліктері еліміздің дамуының барлық қатысты салалары үшін бірдей ортақ құнды екенін айтқым келеді. XX ғасырдың соңғы онкүндігі мен XXI ғасырдың бастапқы онкүндігі арасында мектеп директоры ретінде әріптестікте мақсаттастықта жұмыс атқардық. Берікжан Айтқұлұлының заманнан өзгермелі тынысын аңғару қабілеті жоғары болды. Ол шақтар мектеп басқарудың қиын кезеңі еді. Атап айтқанда, мектептің жаңа моделін игеру, оқытудың технологиялары мен әдістерінің

жаңа буындарын қолданысқа енгізу, оқу кабинеттерін компьютерлендіру, мұғалімдердің кәсіби біліктілігін шұғыл арттыру, мұғалімдердің оқу-әдістемелік жаңашыл бастамаларын қолдау, қалыптастыру, дамыту, насихаттау және білім беру жүйесі реформаларының басқадай талаптарын қалтқысыз жүзеге асыру т.б. жаңашыл ілгерілеулер жасау оңайға түскен жоқ. Міне, Берікжан Айтқұлұлы осы күрделі де кешенді жұмысқа республикалық деңгейде басшылық жасады. Сондағы оның күлдіріп отырып, мәселенің сипатына қарай, ой-өрісімізді биікке, кеңге, тереңге жетелейтіні естен шыға қоймас. Концепциялық тұжырымдар жасаудағы батылдығы тайсалмас өжет ерлігі, шынайы әрі қолжетімді идея ұсынуды көркем түрде атқаруы – бәрімізге сабақ еді. Қазақ тілді, орыс тілді мектептерде қазақ тілін оқыту сапасына ерекше көңіл бөлді, профессор Қ.Айтқалиевтің авторлық мектебінің Қ.Бітібаеваның авторлық мектебінің республикалық аумақта қызмет етуін қамтамасыз етті, М.М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы», Н.А.Оразақынованың «Сатылы комплексті талдау технологиясы», т.б. жаңашылдықтарға осы кезеңде жол ашылды. Республика бойынша мектеп реформасын жүзеге асырудағы эксперимент тірек мектеп болып белгіленген 70 мектептің біреуі мен өзім қызмет еткен Ы.Алтынсарин атындағы №159 мектепте барлық жүзге жуық мұғалімдердің отыз алтысы жаңа буын оқулықтарының, оқу-әдістемелік құралдардың авторы болды. Осынау жаңашылдықтарға ұмтылыс басында Б.А.Әлмұхамбетов тұрды.

Міне, осындай білім берудегі өзгермелілік жағдайында қай уақытта болса да ұлттың ұлт болып қалуының іргетасын қалайтын ұлттық тәрбиенің күн тәртібіндегі орыны ерекше. Мұнда этникалық мүдделер мемлекеттік мүдделермен тоғысуы үрдісі жүреді, сөйтіп ұлттық тәрбие ұғымы мен мазмұн-мәні кеңейеді. Бұл жағдай қазіргі уақытта ғаламдық өркениеттілік бағытта білім беру мен ұлттық тәрбие біртұтастылығын қамтамасыз етуде мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынған «Адал Азамат»

бағдарламасының өзектілік негіздері болып отыр. Бағдарламаның заманауи ұмтылыс екеніне оның мазмұнының тұжырымдары көз жеткізеді. Атап айтқанда, Тәуелсіздік пен Отаншылдық, Бірлік және Ынтымақ, Әділдік пен Жауапкершілік, Заң және Тәртіп, Жасампаздық пен Жаңашылдық құндылықтарын жас ұрпақ бойына дарыту қоғам дамуына біртұтас ұлттық тәрбиенің қосатын үлесі болып табылатыны міндеттелді.

Берікжан Айтқұлұлының педагогикалық қайраткерлігінің үлкен бір саласы білім беру қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру болып табылады. Бұл аса күрделі майдан республикамызда білім беруді әлемдік кеңістікпен үйлестіру мақсатында басталып, дамуымен тығыз байланысты реформаларды жүзеге асыруға қызмет етуде.

Білім берудің жаңа парадигмалық ұстанымдары оқушының оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде субъектті позициясын ұсынады. Оқушы өзін-өзі дамытатын, өз бетімен білім алатын тұлға болу керек. Бұл өз кезегінде оқыту мен тәрбиелеу тек мектеп қабырғасымен шектелмеуін талап етеді. Осыған орай білім беру мазмұны жылдан жылға күрделену, жаңару күйін кешуде. Оқушы меңгеруге тиіс болатын білімдер көлемі артуда. Оқушыға тек білім беру емес, оны үздіксіз, өз бетінше білім алуға даярлау міндеті алға қойылуда.

Білім берудің мақсаты – мәнінің өзгеруі, білім мазмұнының өсуі, мектептің инновациялық даму тәртібіне көшуі, оқытудың цифрлық технология бойынша атқарылуы т.б. жаңа сипаттар мұғалімдердің біліктіліктерін толығымен қайта даярлау міндетін күн тәртібінде алға шығарды.

Міне, осы орайда республикамыздың педагогикалық кадрлар біліктілігін арттыру жүйесін де қайта құрып, жаңа модельдер жасап, мұғалімдер мен мектеп басшыларын жаңа жолға қою үрдістерінің қалыптасып дамуында да Б.А.Әлмұхамбетовтың шығармашылық басшылық еңбегі сіңді. Сөйтіп Берікжан Айтқұлұлы есімі қазақ педагогикасының тарихына алтын әріптермен енді.

Б.А.Әлмұхамбетов өзінің бұл бағыттағы мұратын ұзақ уақыттан бері Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінде болашақ мұғалімдерді даярлауда толықтырып, жүзеге асыруда. Еліміздің болашағы жастар десек, осы болашақты даярлауда Берікжан Әлмұхамбетов үлесі де аз емес. Сөз жоқ, университет студенттері ертеңгі күні оқытуды, тәрбиелеуді жаңаша жүргізетін мұғалімдер болуымен бірге, оқу-тәрбиеде ұлттық өнерімізді пайдалану біліктілігі жоғары мәдениетті ұлттық ұстаздар бола алатынына сенім мол.

Ең жоғары өнер – өмір өнері болса, Берікжан Айтқұлұлының өмір кешу өнерінің шыңына жеткен өнегесін ел біледі. Л.Н.Толстойдың «Өнер мен ғылым – егіз. Өнер - адам арасындағы қатынас құралдарының бірі», - деп айтқанындай, Берік Айтқұлұлының қарым-қатынас мәдениетін жоғары деңгейде меңгергенін айтпауға болмайды. Өзінің дарынын мүмкіндігінше қолдана отырып, өнер арқылы өмірді өркениеттілік өзгерістерге жеткізуге батыл ұмтылушылар қатарындағы Б.А.Әлмұхамбетов өнегесін мақтан тұтамыз.

Халқымызда «Жақсылық еткен алғыс алады» деген даналық бар. Берікжан Айтқұлұлының ел алғысына бөленген ардақты азаматтығының ұзақ белсенділікте болуына тілектестігімізді білдіреміз. Ұлттық тәрбие берудегі өнегесі өзінің ғұмырлы бағын арттыра, нығайта берсін, отбасылық бақыты жаңа шығармашылықтарына қанат болуына тілектеспіз.

Білім өнерінің шыңына шыққан Берікжан Айтқұлұлын 75 жылдық мерейтойымен құттықтаймын! Ізгіліктің шыңына шығып рухани әлемнің мөлдір бұлағын арна етіп, оның терең тамыр жаюына өлшеусіз үлес қосып жүрген еңбегіңіз мәңгілік мәнін жоймасын. Сананы сәулелендірген асыл ісіңіз ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, кемел келешекке жол бастай берсін.

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖҮЙЕСІ: ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҚ ПЕН ЗАМАНАУИ БАСҚАРУ ПАРАДИГМАСЫ

Алтынай Альбековна Жайтапова
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор
Абылай хан атындағы
Қазақ халықаралық қатынастар
және әлем тілдері университеті



Қазақстандағы педагог кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесі – ғасырлық тарихы бар, білім беру сапасын қамтамасыз етудің стратегиялық тетіктерінің бірі болып табылады. Бұл жүйе өзінің қалыптасу кезеңінен бастап елдің әлеуметтік-экономикалық дамуымен, мемлекеттік білім беру саясатымен және педагогикалық ойдың эволюциясымен тығыз байланыста дамып келеді.

1920 жылғы Құрылтай съезінде білім беру мен педагогикалық мәселелердің мемлекеттік деңгейде қарастырылуы – осы жүйенің институционалдық негізінің қалануына жол ашты. Ал 1923 жылдан бастап Семей, Қостанай, Орал, Петропавл, Көкшетау қалаларында және республикалық деңгейде Орынборда ұйымдастырылған қысқа мерзімді курстар педагог кадрлардың кәсіби дамуын жүйелі түрде жүзеге асырудың алғашқы қадамдары болды. Осы тарихи бастамалар кейіннен үздіксіз кәсіби даму жүйесінің қалыптасуына негіз қалады.

Уақыт өте келе біліктілікті арттыру жүйесі тек мұғалімдердің ғана емес, сонымен қатар білім беру ұйымдары басшыларының да кәсіби құзыреттілігін арттырудың маңызды институтына айналды. Бұл жүйе әрдайым білім беру саясатының стратегиялық мақсаттарын іске асыруға, өңірлік және ұлттық деңгейдегі көпвекторлы міндеттерді шешуге бағытталды.

Осы үдерісте республикалық деңгейдегі басшы және ғылыми-педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру институты ерекше рөл атқарды. Бұл мекеме тек үйлестіруші орган ғана емес, сонымен қатар ғылыми-әдістемелік, инновациялық орталық ретінде қалыптасты. Оның тиімді қызметі, ең алдымен, басқару сапасына және басшы тұлғасының кәсіби әлеуетіне тікелей байланысты болды.

Басқару теориясында ұйымның табысты дамуы көбінесе басшының стратегиялық ойлау қабілетімен, көшбасшылық қасиеттерімен және ұжыммен тиімді өзара әрекет орната алуымен анықталатыны белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетовтың басқарушылық қызметі ерекше назар аударуға лайық.

Б.А. Әлмұхамбетов басқарған кезеңде институттың құрылымы қайта қаралып, ғылыми негізделген жаңартылған модель енгізілді. Бұл модель институттың жоғары оқу орындарына теңестірілген ғылыми-зерттеу және ғылыми-практикалық орталық ретінде орнығуына мүмкіндік берді. Нәтижесінде, ғылым мен практиканың интеграциясы күшейіп, педагог кадрлардың ғылыми әлеуеті айтарлықтай артты.

Атап айтқанда, институт қабырғасында «Білім берудегі менеджмент» журналының дамуы, ғылыми зерттеулердің жануына ықпал етті. Басшылық еткен кезеңде 6 докторлық және 17 кандидаттық диссертацияның қорғалуы – ғылыми ортаның қалыптасқандығының нақты көрсеткіші.

Бұл үдерістер білім беру жүйесінде теория мен практиканың тиімді үйлесімін қамтамасыз етті. Ғылыми нәтижелердің практикаға енгізілуі педагогтердің кәсіби қызметінің сапасын арттырып, білім беру мазмұнын жаңартуға негіз болды.

Б.А. Әлмұхамбетовтың басқару философиясының маңызды қыры – өкілеттілікті тиімді бөлу және әрбір қызметкердің әлеуетін ашуға жағдай жасау. Ол басқарудың авторитарлық моделінен гөрі, сенімге негізделген,

ынталандырушы басқару стилін ұстанды. Нәтижесінде ұжымда шығармашылық, жауапкершілік және ортақ іске қатыстылық атмосферасы қалыптасты.

Ұйым қызметінің тиімділігін арттырудағы тағы бір маңызды бағыт – интеграциялық процестерді дамыту болды. Институттың қызметі әртүрлі деңгейдегі білім беру ұйымдары, халықаралық және отандық серіктестермен тығыз байланыста жүзеге асырылды. Бұл өз кезегінде білім беру жүйесінің ашықтығын қамтамасыз етіп, халықаралық тәжірибелерді енгізуге мүмкіндік берді.

Қазақстандық педагогтердің халықаралық жобаларға белсенді қатысуы – білім беру мазмұнын жаңғыртуға, жаңа әдіснамалық тәсілдерді енгізуге және кәсіби қоғамдастықтың жаһандық деңгейде интеграциялануына ықпал етті.

Қазіргі таңда білім беру жүйесі жаңа әлеуметтік-экономикалық сын-қатерлермен бетпе-бет келуде. Цифрландыру, жаһандану және білімнің тез ескіруі басқару жүйесін түбегейлі қайта қарауды талап етеді. Осы контексте үздіксіз білім беру парадигмасы адамның өмірлік стратегиясының маңызды бөлігіне айналуда.

Мұндай жағдайда білім беру ұйымдарының тиімді дамуы, ең алдымен, кәсіби басқаруға, ғылыми негізделген шешімдерге және көшбасшы тұлғаның стратегиялық көзқарасына тәуелді.

Қорытындылай келе, Б.А. Әлмұхамбетовтың басқарушылық қызметі біліктілікті арттыру жүйесінің дамуына ғана емес, тұтастай алғанда Қазақстандағы білім беру жүйесінің жаңғыруына елеулі үлес қосты деп сеніммен айтуға болады. Оның тәжірибесі қазіргі білім беру менеджменті үшін құнды үлгі болып табылады.

Құрметті Берікжан Айтқұлұлы, Сізді мерейтойыңызбен құттықтай отырып, ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық және ғылыми-педагогикалық қызметіңізге жаңа табыстар тілеймін. Сіздің еңбегіңіз педагогикалық қауымдастық үшін әрқашан үлгі болып қала береді.

ҒЫЛЫМ МЕН ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ЗЕРГЕРІ

Тұрғынбаева Ботагүл Алтайқызы
педагогика ғылымдарының докторы, Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры



Құрметті симпозиум қатысушылары! Бүгін біз тек әріптесімізді емес, қазақ педагогикасының нағыз ақсақалын, өнер мен ғылымды тең ұстаған бірегей тұлғаны құттықтап отырмыз. 75 жас — бұл кемелдіктің биігі, парасаттың шыңы. Ғалымның осы биікке шығу баспалдақтарына көз жүгіртейік.

Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетов орта мектепті бітірген соң 1970-1975 жылдары Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының көркемсурет-графика факультетінде жоғары білім алған соң - мектеп мұғалімі, жоғары оқу орыны оқытушысы, деканның орынбасары, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің көркем сурет факультетінің деканы сияқты жауапкершілігі жоғары лауазымды қызметтерді абыроймен атқарды.

Осы кезде оқытушылық, басшылық қызметпен қоса ғылымға ден қойып. *«Қазақ ұлттық бейнелеу өнері арқылы эстетикалық тәрбие беру»* тақырыбындағы кандидаттық диссертация қорғады. Диссертацияда жас ұрпақтың талғамын қалыптастырып, олардың жан дүниесіне сұлулық пен өнердің шуағын себудің теориясы мен әдістемесін ұсынды. Берікжан Айтқұлұлының бұл еңбегі өнер педагогикасына қосқан үлесі, өнер арқылы тәрбиелеудің өзіндік мектебін қалыптастыруы, этнопедагогика мен ұлттық өнерді ғылыми айналымға енгізгенуі деп бағаланды.

Профессор Б.А. Әлмұхамбетовтың өмір жолы - тек білім мен ғылымның соқпағы емес, мемлекеттік деңгейдегі ірі жобалардағы даңғыл. ҚР Білім министрлігінде бас маман, министрліктің тәрбие басқармасының бастығы сияқты жауапты лауазымдарды атқарғанда ол құрғақ бюрократияға бой алдырмай, әр шешімнің артында тірі баланың тағдыры, ұлттың болашағы тұрғанын естен шығарғанмаған. Әсіресе, Ұлттық «Бөбек» қорындағы басшылық қызметі оның табиғатына өте жақын болды. Халық педагогикасының даналығын жинақтаушы ғалым ретінде ол бала тәрбиесіне рухани нәр беруді басты орынға қойды.

Берікжан Айтқұлұлы 1997 жылы Білім беру жүйесі басшы және ғылыми - педагогикалық кадрлары біліктілігін арттыратын республикалық институттың директоры болып тағайындалып, 2007 жылға дейін осы мекемеде еселі еңбек етті. Бұл институтты (қазіргі «Өрлеу» БАҰО) *«Ұстаздардың ұстазын даярлау мектебі»* деп айтуға болады. Ол кісі басқарған кезең - отандық білім мазмұнының жаңаруы, төл оқулықтардың шығуы, педагогикалық инновациялар мен оларды жүзеге асыратын мамандардың сапалық тұрғыдан жаңару дәуірі еді. Институт алдында егемендігін енді алып жатқан еліміздің біліктілік арттыру жүйесіне жан бітіру, мұғалімнің мәртебесін тек қағаз жүзінде емес, оның ішкі мәдениеті мен кәсіби шеберлігі арқылы көтеру міндеті тұрды. Ол үшін әр мұғалім - ұлттық құндылықтармен сусындаған, халық даналығының насихатшысы, ұлт жанашыры болуы шарт еді. Берікжан Айтқұлұлы осы кезеңде министрліктегі тәжірибесі мен «Бөбектегі» рухани ізденістерін тоғыстырып, институттың еліміздің басты әдістемелік мектеп - зертханасына айналуына себепші болды.

Осы жылдары *«Қазақстан Республикасы педагог мамандарының кәсіби біліктілігін арттырудың даму тенденциясы мен тарихы»* мәселесіне арналған докторлық диссертациясы жазылып, абыроймен қорғалды. Бұл зерттеу жұмысы еліміздегі мұғалімдердің біліктілігін арттыру жүйесінің қалыптасу тарихына арналған іргелі ғылыми

шығарма деуге тұрарлық. Ол еңбекте жай ғана тарих хатқа түсірілмеген, онда еліміздің білім беру жүйесінің «генетикалық кодын» зерттеу арқылы, өткеннің тәжірибесі мен болашақтың талабын ұштастыра алды. Бұл саладағы ұстаздардың өсу шежіресін сипаттады. Ғалым бұл жүйені тек зерттеп қана қоймай, оған жан бітіріп, адамдық жылулық сыйлады.

Одан кейінгі жылдары еліміздің тұңғыш жоғары оқу орыны Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Көркем - сурет және спорт факультетінің деканы, Педагогика және психология институтының директоры қызметтерін абыроймен атқарды. Бүгінде профессор болашақ ғылым жолындағы жастарды тәрбиелеумен айналысып, университеттің ардагерлер кеңесін басқарып келеді.

«Ұстаздық — ұлы өнер» дейді халқымыз. Берікжан Айтқұлұлы алғашқы кәсіби білімін суретші мамандығы бойынша алып, өнер мен эстетиканы жанына серік еткендігін жоғарыда келтірдік. Осы шығармашылық бастау оның бүкіл педагогикалық қызметіне өзіндік өрнек салғандығы көрнеу көзге байқалып тұрады. Оның бойында нағыз суретшінің нәзік түйсігі мен ғалымның тереңдігі қатар өрілген деуге болады.

Профессордың 100 - ден астам жарық көрген ғылыми еңбектері – монографиялары, оқулықтары, оқу құралдары, оқу-әдістемелік құралдары және алыс - жақын шетелдерде шыққан мақалалары тынымсыз шығармашылық еңбегінің жемісі екендігі белгілі. Сонымен қатар ғылыми - педагогикалық мамандар даярлауды да қатар алып келеді. Оның жетекшілігімен **2** докторлық, **7** кандидаттық, **7** философия докторы (PhD) жұмыстары қорғалды. Солардың қатарында өзім де бармын. «Біліктілікті арттыру жүйесінде мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамыту» тақырыбында жазылған докторлық диссертациямның ғылыми жетекшісі ретінде ақыл - кеңестерін айтып, тіпті жарты жылға шығармашылық демалысқа шығуыма рұқсат берген еді. Бұл менің ұзақ жылдар жинақтаған теориялық

және тәжірибелік жұмыстарымды жинақтауға, ғылыми еңбекке айналдыруыма зор мүмкіндік берді. Басқа да даярлаған шәкірттері бүгінде республиканың түкпір – түкпіріндегі жоғары педагогикалық оқу орындарында табысты еңбек етуде.

Берікжан Айтқұлұлының адами және кәсіби портртетін сипаттауда оның ерекше *«феномендері»* туралы айтпай кету мүмкін емес. Соның бірі - қылқалам шебері ретіндегі шығармашылық жолы – сан алуан түстер мен мағыналар тоғысқан үлкен галерея іспетті. Майлы және акриль бояуларының тілін тауып салған натюрморттардан өмірдің шынайы тынысы, кенеп бетіне жан бітіре салған портреттерден сол адамның ішкі дүниесі сезілсе, тігін машинасын серік етіп, құрақ құрау өнерімен айналысуы төзімділік пен талғамның белгісі ғана емес, бір біріне үйлескен тағдырлар мен тарихтың символындай.

Берікжан Айтқұлұлының келесі таланты *ділмәрлік пен шешендігі* деген болар едім. Ол кісінің ұлылардан қалған ұлағатты, шешендік сөздерді жинастырып жүретін үлкен қолжазбасын көруші едік. Халық даналығын қолжазба ретінде құрастыру - бұл жай ғана ермек емес, бұл ұлттық кодты сақтауға деген адалдық пен рухани кемелдіктің белгісіндей. Әрбір сөзді інжу - маржандай теріп, дәптеріне қондыру үлкен талғампаздықтың, нағыз отансүйгіштік пен тектіліктің көрінісі. Мұны екінің бірі жасай бермейді.

Сол жинақтаған «даналық қоймасындағы» бабалардан қалған ойларды өмірдің өзекті тұстарында қолдана білу - біреуге басу, біреуге жігер, енді біреуге терең сабақ. Берікжан Айтқұлұлының кез келген ортада қандай оқиғаға қатысты болмасын соған сәйкес келетін, халық даналығын майын тамызып айтатын шешендігі мен тапқырлығы, мақал-мәтелді орнымен қосып сөйлеуі – ұжым мүшелері біздер үшін күнделікті өтіп жатқан «біліктілікті арттыру курсы» іспетті болатын.

Суретші ретінде әлемді сұлулық арқылы танып, ғалым ретінде оны жүйелеп, кейінгі ұрпаққа аманат етіп келе жатқан Бекеңмен 10 жыл қызметтес болдым. Ол білім беру

жүйесі басшы және ғылыми - педагогикалық кадрлары біліктілігін арттыратын республикалық институтын қиын-қыстау кезеңдерінде басқарған уақыт болатын. Экономикалық тоқырау қысқан тоқсаныншы жылдары мұғалімдер мен мектеп басшыларының рухын түсірмеу үшін «жоқтан бар жасап», қаржы тапшы заманда ауқымды іс-шаралар: халықаралық конференциялар, республикалық конкурстар, әртүрлі мәдени – көпшілік жұмыстардың өтуімен белсене айналысты. Институт ұжымындағы осы істерді жоспарлаудан, сәтті аяқталуына дейінгі шараларды ұйымдастыруға жауапты мамандар ретінде барлық кезеңдегі дайындық жұмыстарына тыңғылықты қарау міндетіміз болатын. Тіпті жеңімпаздарға тағайындалатын сыйлықтарды сатып алып беретін спонсорлар іздеп, кейде сол педагогтарды «бәйгеге қосып» отырған өлке, институт басшыларынан көмек сұраған сәттеріміз де әлі күнге дейін есімізде. Біздер осылайша, ұжымның жауапты жұмыстарының басы - қасында болып**,** педагогтарға тек білім, тәжірибе ғана емес, ең бастысы - сенім мен үміт сыйладық десек артық айтқандық емес.

Қазақстандық төл оқулықтарымыз жазыла бастағанда Берікжан Айтқұлұлы жалпы орта мектептердің бастауыш (1-4 сынып) және орта буындары (5-6 сынып) оқушыларына арналған «Бейнелеу өнері» пәніне арналған оқулықтың авторлық ұжымын басқарды. Орта мектептің бастауыш сатысында оқытылатын басқа да пәндер бойынша жазылған оқулықтар алғаш шыққанда, институт әдіскерлері мен авторларды бастап, еліміздің түкпір-түкпірін аралап, олардағы жаңа мазмұнды оқушыға жеткізудің озық әдістерін насихаттауға ұжым үлкен еңбек сіңірді. Институттың кабинет меңгерушілері, әдіскерлер мен авторлар еліміздің ең қиыр шетіндегі ауылдарға дейін барып, жолдың қиындығына, уақыттың тарлығына қарамай, жаңа білімді әр мұғалімнің жүрегіне жеткізуге жұмылдырылды. Сол уақытта Бекең басқарған сол «десанттық топтар» бүгінгі оқулықтардың іргетасын қалап бергенін жоққа шығаруға болмайды.

Берікжан Айтқұлұлы, ұжым мүшелері үшін мәртебелі ғалым бола тұра, қарапайымдылық пен әзілді серік еткен басшының бола білді. Бойындағы *«дана да, бала да бола алу»* қасиеті - нағыз зиялылықтың белгісіндей. Өнерпаздығы мен сегіз қырлылығы - ұжымның отырыстарының сәнін кіргізетін. Кейде кішкентай нәрсеге балаша өкпелеп қалатын нәзіктігі, найзағайдай жылдам ашуланып, бірақ жазғы жаңбырдай тез тарқай қоятын аққөңіл, кексіз мінезіне де үйреніп, соған сәйкес қарым - қатынас жасаудың шеберіне айналдық. Бұл - Бекеңнің жанының суретші екенін, сезімталдығының белгісі.

75 жас - бұл адам өмірінің кемелдік пен даналық тоғысқан шағы. Осы жастың биігінен қарағанда, мерейтой иесінің бұл күнде артындағы сара жол нұрға бөленіп тұр деуге болады. **ҚР Білім академиясының академигінің к**еудесінде жарқырап тұрған «Құрмет» ордені мен «Білім беру ісінің үздігі», «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгілері, басқа да мемлекеттік марапаттары сол тынымсыз еңбектің өтеуі екендігі анық. Ол суретшінің жүрегімен әлемді аялаған, ғалымның зейінімен білімді жүйелеген, азаматтық болмысымен ұлтқа қызмет еткен тұлға.

Қадірлі Берікжан Айтқұлұлы, осынау берекелі де мерекелі жаста денсаулығыңыз мықты, көңіліңіз көктемдей болып, ортамызда әрдайым әзіліңіз жарасып, аман-есен жүре беріңіз деген тілегімді білдіремін! Талғамы биік, ойы терең, сөзі өтімді зиялы қауым өкілі ретінде биік белестерден көріне беріңіз! Мерейжасыңыз құтты болсын!

ҚАЗАҚ ӨНЕРІ МЕН БІЛІМІНІҢ ТАУ ТҰЛҒАСЫ



Дүйсебек Әділхан Төлегенұлы
Ұлттық құндылықтар академиясының төрағасы, "Құрмет" орденінің иегері

Мен 1991-2003 жылдары Алматы облысы Қарасай ауданындағы Әл Фараби атындағы қазақ мектебінің алғашқы директоры болып қызмет атқардым. Мектебіміз 1991 жылы, еліміздің тәуелсіздік алуының дүмпуімен облыста жаңадан отау тіккен алғашқы қазақ мектебі еді. Оның ашылуы сүйінші жаңалық ретінде республикалық теледидардан көрсетілді.

Бұл - партия тарап, Кеңес Одағы күйреп, «балапан басымен, тұрымтай тұсымен» болып жатқан жыл. Материалдық және кадрлық қиындықтармен қатар, жаңадан ашылған қазақ мектебі үшін оқу құралдарымен, оқу-әдістемелік қолдаумен қамтамасыз ету, мұғалімдердің біліктілігін арттыру аса өзекті болды. «Мектебіміздің іргесін қалай нығайтамыз?» деп бір топ мұғалім тәжірибе алуға қасиетті Қарасаз ауылына да арнайы барып қайттық.

Осы кезеңде бізге Тұрсынбек Молдаханұлы Баймолдаев басқарған Алматы облыстық біліктілікті жетілдіру институты, қазақ мектебінің моделінің авторы марқұм Әбілсағит Сәдуақасұлы үлкен сүйеу болды. Ал енді Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық кадрларының біліктілігін арттырудың республикалық институтына баруға жүрегіміз дауалай бермейтін. Бізге бұл мекеме атынан ат үркетіндей көрінетін.

1999 жылы мен мектеп директорларының облыстық сайсында бірінші орын алып, еліміздің барлық облыстарынан жиналған қазақ, орыс мектептерінің ең мықты директорларының сайысына қатыстым. Байқау Республикалық институтта өтті. Сол кезде мен Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетов басқарған институттың шынымен де шоқтығы биік екенін байқадым. Ең қатты әсер еткені, институттың ішкі аурасы, қарым-қатынас мәдениеті, зиялылық, атқарылып жатқан жұмыстардың ауқымы.

Басшы Берікжан Айтқұлұлының ерекше тұлғасы мен адами келбетін көрдім, ақжарқын болмысын, ел ортасындағы беделін байқадым. Сыйластығым, құрметім осыдан басталды.

Осы сайыста Гран-при жеңімпазы болдым. Бұл менің Білім академиясына келуіме жол ашты. Содан бері Берікжан Айтқұлұлымен шығармашылық ынтымақтастықта болып келеміз. Одан үйренгенім, білгенім, көңілге түйгенім көп.

Берікжан Айтқұлұлына деген әріптестердің жоғары құрметіне талай куә болғанмын, «осындай болу не деген мәртебе?» деп қызыққанмын. Білім және ғылым министрлігіндегі үлкен залға жиналыс алдында биік тұлғалы Бакең кіргенде ел жапа-тармағай орнынан көтеріліп, ыстық ықыласымен сәлемдесіп жататын. Әрқайсымен құшақтасып, қыз-келіншектердің бетінен сүйіп, комплимент айтып та үлгеріп, Бекең де өз ілтипатын білдіріп жататын.

Бекең ағамыздың Қазақстан орта және жоғары білім беру жүйесінің биік лауазымды қызметтерінде басшылықта болған еңбек жолы, ғажайып суретшілік өнері туралы көп жазылған, әлі де жазылары хақ.

Мен ол кісінің Ұлттық құндылықтар академиясын құруда және оның ел алдындағы қызметіне жасаған қолдауы мен тікелей қосқан жеке үлесі туралы айтқаным жөн болар.

Әл Фараби ұлттық университетінің Әл Фараби кітапханасында 2023 жылы 4 ақпанда өткен Академияның алғашқы тұсау кесер Ғылыми кеңесінде Берікжан Айтқұлұлына басты баяндаманы жасауды ұсындым. Тақырып ауқымы да, ауырлығы да зор: «Ұлттық

құндылықтар - мемлекеттік идеологияның өзегі». Ол кісі қуана келісті және оған жан-тәнімен кірісіп, дайындалды. Баяндама терең мазмұнды болды, рухани дамуымыздың өзекті мәселелерін қамтып, келелі ұсыныстар жасалды. Бекең ағамыздың осылайша Академиямыздың тұсауын кесіп, сөз бастап, көшбастап бергеніне ризашылығымызды үнемі айтып жүреміз.

Содан бері Берікжан Айтқұлұлы Академияның барлық қызметіне, іс-шараларына ынт-шынтымен араласып, сара сөзін, орайлы ойын айтып, ұсыныстарын беріп, кем-кетігімізді түзетіп жүреді. Қызбалыққа салынып, асығып, аптығып кетсек, «даурықпайық, біздің Ұлттық құндылықтар Академиясының жөні бөлек, сондықтан ісі де, үні де салмақты, ақылды болуы керек» деп сабырға, байсалдылыққа шақырады.

2023 жылы Алматы облыстық білім басқарамасы біздің Академиямен бірлесіп ұйымдастырған форумға қатыстық. Берікжан Айтқұлұлы, Аягүл Төреевна, Бижан Игенбаева, Мұхамедрахым Құрсабаев, Ерұлан Жиенбаев, Айгүл Ахметова, Ділда Сақтағанова құрамында барып қатыстық. Сол жиылыста Берікжан Айтқұлұлы облыстың 300-дей мұғалімі алдында халқымыздың мақал-мәтелдерін, қанатты да, асыл сөздерін үйлестіріп, керемет сөз сөйледі. Бекеңнің ұлттық құндылықтарымызды тереңнен меңгерген, ақыл мен парасат-пайымның кені екенінің тағы бір реті куәгері болдық. Ұстаздардың ұстазының деңгейін көрдік!

Тағы бір ерекше айтарым, 2024 жылы 10 шілдеде Кеген ауданы, Көлсай ұлттық табиғи паркі аймағында осы ауданның Маслихат төрағасы Нұғман Алмасбек Нөкербанұлының бастамасымен «Ұлттық құндылықты жаңғырту: ғылым және өңірлік тәжірибе» форумын өткіздік. Сол форумда Берікжан Айтқұлұлы «Тәрбие – білім маржаны» тақырыбында өте қызықты баяндама жасап, қазақ ою өрнегінің біз түсіне бермейтін ғажайып қыр-сырларын ашып көрсеттті. Осы форум өткізілген күн менің туған күніммен сәйкес келген еді. Сол кеште Бекең арнайы өз қолынан шыққан шедевр туындысын әдейі алып келіпті.

Маған елдің көзінше сыйға тартты. Ол картина әрине, менің үйімнің төрінен жарқырап орын алды, келген қонақтардың бәріне мақтанып көрсетемін.

Сөз соңында Берікжан Айтқұлұлының бір мақаласындағы ой тұжырымын келтірейін: “Заман сипаты: біреулерге - кешегі дәуірмен қоштасуға тура келеді. Олар үшін бұл - күйреу кезеңі. Екінші біреулерге - қалыптаса бастаған жаңа жағдайға икемдеуге тура келеді. Олар үшін бұл - өтпелі кезең. Үшінші біреулерге өлгені тіріліп, өшкені жанбақшы. Олар үшін бұл - қайта өрлеу, қайта түлеу кезеңі болса, ал төртінші біреулер үшін - атымен жаңа ұрпақтар үшін, бұл шын мәніндегі “дәурендеу” кезеңі.”

Бүгінгі күні өзінің адами асыл қасиеттерімен, келісті болмысымен, кемел тұлғасымен, ерен еңбегімен халықтың шынайы құрметіне ие Ұлттық құндылықтар академиясының академигі Берікжан Айтқұлының құрметіне Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетімен бірлесіп «Ұлттық өнер – ұлттық тәрбие діңгегі: профессор Б.А. Әлмұхамбетовтың ғылыми пайымдаулары контексінде білім беру мен мәдени мұраның заманауи трансформациясы» тақырыбында Халықаралық симпозиум өткізгелі отырмыз.

Осы іс-шараны ұйымдастыруға әріптестерінің, шәкірттерінің құлшына, таласа кіріскенінің өзін - Бекеңнің ел құрметіне бөленген бақытты жан екенінің бір белгісіндей.

Осындай бақ-берекеңіз ортаймасын, көңіліңіз қартаймасын, қадірлі Берікжан Айтқұлұлы! Бар болыңыз, Нар болыңыз!!!

ҒЫЛЫМ МЕН ӨНЕР ЖОЛЫНДАҒЫ ӨНЕГЕЛІ ҒҰМЫР



Жұмабаева Әзия Елеупанқызы
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы

Адам өмірінде оның рухани қалыптасуына ықпал ететін, бағыт-бағдар беретін, жүрекке із қалдыратын тұлғалар болады. Сол тұлғалардың тағылымды ғұмыры уақыт өте келе жеке адамның ғана емес, тұтас бір ғылыми-мәдени ортаның рухани қазынасына айналады. Осындай биік парасат иелерінің бірі – ғалым, педагог, өнер зерттеушісі, ұлағатты ұстаз Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетов.

Берікжан Айтқұлұлы өскен отбасы – еңбекқорлық пен адамгершілікті, өнер мен ұлттық дәстүрді жоғары бағалаған өнегелі шаңырақ болатын. Оның әкесі Айтқұл Өмірбекұлы – Ұлы Отан соғысының ардагері, жауынгерлік ерлігі үшін I және II дәрежелі ордендермен, «Қызыл Жұлдыз», «За отвагу» медальдарымен және басқа да мемлекеттік наградалармен марапатталған тұлға. Ал анасы Нұрғалиева Рәш – еңбек ардагері, қолөнер шебері ретінде танылып, ұлттық қолданбалы өнердің нәзік сырын кейінгі ұрпаққа жеткізген жан еді. Осындай тағылымды ортада тәрбиеленген Берікжан Айтқұлұлының бойында ұлттық мәдениетке, өнерге және білімге деген ерекше құрмет ерте қалыптасты.

Ұстаз тұлғасы – адам баласының өмір жолында ерекше мәнге ие. Ол тек білім беруші ғана емес, шәкірттің дүниетанымын қалыптастырып, рухани әлемін байытатын, өмірлік ұстанымын айқындайтын ұлы миссия иесі. Оның өмір жолы да адал еңбек пен табанды ізденістің, ғылым мен өнерге деген шынайы сүйіспеншіліктің айқын көрінісі болып табылады.

Жастайынан туған халқының мәдениеті мен өнерін терең құрметтеген тұлға ретінде ол еңбекқорлық, ізденімпаздық және шығармашылыққа деген құштарлық қасиеттерді бойына ерте сіңірді. Өнер мен ғылымды қатар ұштастыру – оның өмірлік ұстанымына айналды.

Ғалымның кәсіби жолы қарапайым ауыл мұғалімдігінен басталып, кейіннен жоғары білім беру жүйесіндегі іргелі ғылыми-педагогикалық қызметке ұласты. Ол бүкіл саналы ғұмырын жас ұрпақты тәрбиелеу ісіне арнап, сонымен қатар үздік педагог, ізденімпаз ғалым, шығармашыл тұлға ретінде қалыптасты.

Берікжан Айтқұлұлының ғылыми еңбектері өнер және педагогика ғылымдарының өзекті мәселелерін қамтиды. Оның зерттеулерінде болашақ педагогтардың кәсіби даярлығын жетілдіру, көркемөнер педагогикасының мазмұнын жаңарту, ұлттық мәдени мұраларды білім беру жүйесіне енгізу мәселелері кеңінен қарастырылған. Әсіресе қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерін педагогикалық білім беру мазмұнына енгізу арқылы ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамыту жолдарын ғылыми тұрғыда негіздеуі – оның ғылыми ізденістерінің маңызды нәтижесі.

Ғалым өнердің қоғам өміріндегі рөліне ерекше мән береді. Оның пайымдауынша, өнер – халықтың рухани болмысының көрінісі, ұлттық мәдениеттің айнасы. Осы орайда ол: Қазақтың ұлттық дәстүр, әдет-ғұрып, әдеп-салт қазынасы Б.Айтқұлұлының бүкіл өмір жолына азық, нәр болып қаланды. Қарапайымдылығы, ойындағысын бүкпей айтатын шыншылдығы, басқарушылық қабілеті, биік мәдениеті мен еңбекқорлығы, ізденімпаздығы осылардың бәрі тоғыса келе оны білікті ғалым, өнегелі ұстаз, өрелі азамат дәрежесіне көтерді.

Осындай тынымсыз ізденіс, талмайтын еңбектің арқасында Берікжан аға бейнелеу өнері мен педагогика ғылымдарының қайнарларын ашуға тер төгіп келе жатқан ұлағатты ұстаз. Бір басына ілім-білім мен өнер, табиғат берген талант пен талап, сыр мен сымбат, сырбаздық ұялаған ғалымның өмірі де, атқарған ісі де шәкірттеріне үлгі болатындай.

Өнері – өрісі, ғылымы – бағыты болған тұлға әр сөзін салмақтап, айтқаны қорғасындай, мазмұны терең, ойы жүйелі жастарға үлгі боларлық.

Алыстан сермеп, жүректен тербеп сөйлегенде, тыңдаушыны баурап алатын ерекше табиғи харизмасы байқалады. Қазақ халқының рухани және материалдық құндылықтары туралы айтқан пікірлері ғылыми ортада әрдайым жоғары бағаланып, жиі шешуші тұжырым ретінде қабылданады.

Халықаралық ғылыми жиындарда да ол ұлттық құндылықтарды сақтау, дамыту, жүйелеу мәселелерін батыл көтеріп, терең талдау жасайтын. Осындай сәттерде оның бойындағы ұлтқа деген шынайы сүйіспеншілік айқын көрінетін. Өйткені ол үшін ғылым – тек зерттеу емес, ұлт руханиятына қызмет етудің биік формасы.

Берікжан Айтқұлұлының тұлғалық болмысында қарапайымдылық пен биік парасат үйлесім тапқан. Ол ұжым ішінде әрдайым сыйлы, сөзі өтімді, ойы орнықты азамат ретінде танылды. Оның тағы бір ерекше қыры – табиғи шешендік қабілеті. Ол кез келген ортада ойын дәл, әсерлі әрі жүйелі жеткізе біледі.

Жастарға ол әрдайым:

«Сөз – ойдың айнасы. Сөзді қадірлеген адам ойды да қадірлейді»,

«Ғылым жолы – шыдам мен табандылықтың жолы»,

«Еңбексіз жетістік болмайды»,

«Ұстаздың ең үлкен бақыты – шәкіртінің жетістігі» – деп ақыл-кеңес беріп, олардың ғылыми ізденісіне жігер беріп отырады.

Оның шәкірттері бүгінде еліміздің түрлі өңірлерінде табысты еңбек етіп, ұстаз жолын абыроймен жалғастыруда. Бұл – ұстаздық еңбектің ең үлкен жемісі.

Берікжан Айтқұлұлы – суретшіге тән нәзік сезім мен ғалымға тән терең ойды бойына сіңірген тұлға. Оның мінезіндегі сезімталдық пен қайраттылық, кейде балаша өкпешіл, кейде тез сабасына түсетін аққөңіл болмысы – оның адамдық шынайылығын көрсетеді. Ол әрдайым әділдік пен шындықты ту

етіп, білім сапасын бірінші орынға қойған, педагогикалық қызметке үлкен жауапкершілікпен қараған азамат.

Жетпіс бес жас – кемелдік пен даналықтың тоғысқан биігі. Осы белестен қарағанда, Берікжан Айтқұлұлының өмір жолы – ғылым мен өнерді ұштастырған, ұрпақ тәрбиесіне арналған өнегелі ғұмыр екені айқын көрінеді. Оның еңбегінің еленіп, көптеген мемлекеттік марапаттарға ие болуы – ұзақ жылғы еңбегінің лайықты бағасы.

Берікжан Айтқұлұлы – суретшінің жүрегімен әлемді аялаған, ғалымның зердесімен білімді жүйелеген, ұстаздық парасатымен талай шәкірт тәрбиелеген дара тұлға. Осындай өнегелі, дара да дана тұлғамен бір ұжымда қызметтес болу – кафедра ұжымы үшін үлкен мәртебе әрі зор мақтаныш.

Құрметті Берікжан Айтқұлұлы!

Мерейлі 75 жасыңыз құтты болсын! Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, шығармашылық табыс тілейміз. Алдағы уақытта да ғылым мен білім саласында жаңа белестерді бағындырып, шәкірт тәрбиелеу ісінде мол жетістіктерге жете беруіңізге тілектеспіз.

ҚҰРМЕТТІ ПРОФЕССОР, АРДАҚТЫ ҰСТАЗ БЕРІКЖАН АЙТҚҰЛҰЛЫ!

Есназарова Ұлжалғас Әмзеқызы
Географиядан Республикалық атаулы мектеп жетекшісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері», Ресей Жаратылыстану академиясының академигі



Сізді 75 жасқа толған мерейлі жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Жер жанаты Жетісуда өмірге келіп, балалық шағыңыз Жетісу Алатауынан бастау алатын Қаратал өзенінің бойында өткен және «Тау баласы тауға қарап өседі» деп ақындар жырлағандай Сізге қарап нағыз қазақ жігіті осындай болады деп айтатындай жігіт болып өстіңіз, енді ел ағасы жасына келген күніңіз құтты болсын!

Саналы ғұмырыңызды білім мен ғылымға арнап, талай шәкірт тәрбиелеп, елдің рухани дамуына өлшеусіз үлес қосып келесіз. Сіздің еңбегіңіз, парасаттылығыңыз бен өмірлік тәжірибеңіз – кейінгі ұрпаққа үлгі, үлкен мектеп. Қазіргі уақытта бозбала Берікжан келіп оқуға түскен – Абай атындағы Қазақ педагогикалық институты енді қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің маңдай алды профессорысыз. Өмір жолыңызда шым-шытырық белестер көп-ақ. Жай мектептің мұғалімі болып бастаған еңбек жолыңыз педагогика саласының ең жоғарғы сатысы педагогика ғылымдарының докторы дәрежесіне жетіп отырсыз.

Қазақ ССР Білім министрлігінде бас маман ретінде мемлекеттік қызметтен осы министрліктің Тәрбие басқармасының бастығы болып қызмет атқардыңыз. Ұзақ жылдар Республикалық педагог кадрлардың біліктілігін арттыру институтының директоры ғылыми-басқарушылық қызметті де атқардыңыз. Ол жерде педагогика ғылмдарының саласын практикамен ұштастыра педагогика және білім тарихы, мұғалімдердің біліктілігін арттыру жолдары, көркем өнер арқылы тәрбие беру, этнопедагогика, білім беру реформаларын іске асырып, аспиранттар мен докторанттарға ғылыми жетекші болдыңыз.

Кейінен «Бөбек» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының бас директоры, өзіңіз бітірген Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті факультет деканы болдыңыз. Қазір Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ардагерлер Кеңесін басқарып, соның бәрін абыроймен атқарып келесіз.

Ел ағасы 75 жасына келген Берікжан Айтқұлұлы Әлмұқанбетов – Қазақстандағы педагогика, әсіресе көркем білім беру және мұғалімдердің кәсіби дамуы саласында үлкен ғылыми

мектеп қалыптастырған көрнекті ғалым. Ол білім беру жүйесін жаңғыртуға, ұлттық тәрбие мен өнерді біріктіруге зор үлес қосқан тұлға.

Осы айтулы мерейтой күні Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасылық амандық, шығармашылық табыс тілейміз. Әрдайым шәкірттеріңіздің құрметіне бөленіп, еңбегіңіздің жемісін көре беріңіз!

Мерейіңіз үстем, абыройыңыз асқақ болсын!

СӘН ӘЛЕМІН СӨЙЛЕТКЕН ҒАЛЫМ

Амирова Амина Слямхановна
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, Қазақстан жоғарғы мектебінің ұлттық ғылым академиясының корреспондент мүшесі



Әлмұхамбетов Берікжан Айтқұлұлы – еліміздің білім беру жүйесінің дамуына үлес қосқан отандық ғалымдардың бірі. Орта мектепті бітірген соң, Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтына оқуға түсіп, көркем графика факультетін бітірген. Еңбек жолын институттың «Көркем-сурет» факультетінің «Сурет» кафедрасына ассистент қызметінен бастаған. Институт қабырғасында жүріп, қоғамдық жұмыстарға белсенді араласқан.

1976 жылы институттың кәсіподақ комитетінің төрағасы, 1977 жылы комсомол комитетінің хатшысы, 1979 жылдан бастап көркем-сурет факультетінің «Сурет» кафедрасында аға оқытушы қызметін атқарған, кейін факультет деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарып, оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда елеулі үлес қосып, ғылыми-педагогикалық бағытта қалыптасты.

Берікжан Айтқұлұлы институтта оқытушылық қызмет атқара жүріп, ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысады. Педагогика ғылымының өзекті мәселелерінің бірі бейнелеу өнеріне байланысты зерттеу жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде «Қазақ ұлттық бейнелеу өнері арқылы мектеп оқушыларына тәрбие беру» тақырыпта кандидаттық және «Қазақстан Республикасы педагог мамандарының кәсіби біліктілігін арттырудың даму тенденциясы мен тари» тақырыпта докторлық диссертация қорғаған.

Ғалымның кәсіби дамуы педагогикалық тәжірибе мен ғылыми ізденістің үйлесімді сабақтастығы негізінде жүзеге асырылған.

Ол педагогика ғылымының түрлі бағыттарында, әсіресе білім беруде көркемөнер, этнопедагогика және мұғалімдердің біліктілігін арттыру жүйесінде іргелі зерттеулер жүргізген ғалымдардың бірі болып табылады.

Оның кәсіби дамуы педагогикалық тәжірибе мен ғылыми ізденістің үйлесімді сабақтастығы негізінде жүзеге асырылып келеді.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін 1995 жылдан бастап, «Бейнелеу өнері» пәні бойынша жаңа буын оқулықтарының авторы ретінде мектеп тәжірибесіне енгізілген білім беру мазмұнын жаңартуға белсенді атсалысты. «Бейнелеу өнері» пәнінен екі тілде әзірленген 1-4 сыныптар және 5-6 сыныптарға арналған бағдарламаларының жетекші авторы. Жалпы орта білім беретін мектептің бастауыш сыныптарының оқулықтары мен әдістемелік нұсқаулықты дайындаған авторлық бірлестіктің жетекші авторы. Атап айтсақ, жалпы білім беретін мектептің 2-сынып мұғалімдеріне арналған «Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі» қазақ және орыс тілдерінде даярлады.

Берікжан Айтқұлұлы білім беру жүйесінің басқарушы және ғылыми-педагогикалық кадрларының біліктілігін арттыру республикалық институтының директоры қызметінде педагог-ғалым ғана емес, білім беру саласының ұйымдастырушысы ретінде танылды. «Организация и методология повышения квалификации работников

образования в Казахстане» учебное пособие, «К истории становления и развития системы методической работы с педагогическими кадрами» в г. Алма-ате (1957-1988) еңбектері жарық көрді.

Б.Әлмұхамбетов әртүрлі деңгейдегі білім беру ұйымдарында басшылық қызметтер атқарып, білім беру жүйесінің дамуына ықпал етті. Атап айтсақ: жоғары оқу орындарында профессор, декан, институт директоры қызметтерін атқарды. Оның басқарушылық қызметі білім сапасын арттыру мен педагог кадрларды даярлаудың тиімді жүйесін қалыптастыруға бағытталды. Жоғары оқу орнында болашақ мамандарды даярлауда педагог мамандықтарына арналған «Педагогика», «Ой өрісі-ою» оқу құралдары, «ӨНЕР БІЛІМ ӨТКЕЛДЕРІ» (мақалалар, әдістеме, шығармашылық туындылары), «Әлемдік бейнелеу өнерінің тарихы Мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне арналған дәрістер жинағы» жарық көрді. Ғылыми-зерттеу еңбектерінде ол білім беру мазмұнын ұлттық мәдени құндылықтармен ұштастыру мәселесіне ерекше назар аудара отырып, білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, ұлттық өнер арқылы тәрбие беру мәселелері жан-жақты қарастырылған. Ғалымның еңбектері қазіргі білім беру жүйесінде кеңінен қолданылып, педагог кадрларды даярлауда маңызды рөл атқарады.

Берікжан Айтқұлұлы – ғылыми мектебін қалыптастырған ғалым. «Бейнелеу өнері» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының докторалары мен педагогика ғылымдарының кандидаттары, философия докторлары (PhD) және «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрлерін дайындап келеді.

Б.Әлмұхамбетов Ұлттық құндылықтар Академиясының құрылуына қолдау көрсетіп, оның ел игілігі жолындағы қызметінің қалыптасуына елеулі үлес қосқан, сондай-ақ осы бағытта тікелей бастамалар көтеріп, атсалысқаны белгілі. Ұлттық құндылықтар Академиясының жұмыс жоспарының ілгері жүруіне үнемі белсенділік

танытып, ұлттық өнерді насихаттап, оның оқу мен тәрбие үдерісіндегі алатын орнын ұлттық құндылық тұрғысынан талдаған. Ұлттық құндылықтар Академиясының Құрылтайында XXI ғасырдағы жас ұрпақты халқымыздың ұлттық құндылықтары негізінде тәрбиелеудің жаңа бағытын таңдауды көздейтіні туралы ғалымның өз ойымен бөлісуі білім беру ұйымдары үшін маңызды болмақ.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ардагерлер кеңесінің төрағасы ретінде «Бақ» өкілдерімен кездесуде Б. Әлмұхамбетов «Президент жолдаулары», (қолдау негізіне құрылған танымдық дәріс), Бейнелеу өнеріне қатысты «Қылқалам шеберлері» туралы естеліктері, Шалқар радиосына берген «Тоғыз тарау» атты радио дәрісі, «Ұлттық құндылықтарды» насихаттау мақсатында танымдық-тәрбиелік сұхбаттар беруді дәстүрге айналдырған. Әрине, бұл бүгінгі жастар мен болашақ мамандар үшін тәрбиелік мәні зор ақпарат екенін айта кеткіміз келеді.

Ғалымның ғылыми еңбектері мен педагогикалық қызметі білім беру жүйесін жетілдіруге, ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, заманауи білім беру моделін қалыптастыруға бағытталған.

Құрметті Берікжан Айткұлұлы!

Сізді 75 жасқа толуыңызбен құттықтаймын! Бұл – өмір жолындағы мол тәжірибе мен даналықтың, еңбектің жемісі мен абыройдың айқын көрінісі. Сіздің саналы ғұмырыңыз ғылым мен білімге, жас ұрпақты тәрбиелеуге және жоғары кәсіби мамандарды даярлауға арналған. Көпжылдық табанды еңбегіңіздің арқасында Сіз өз салаңызда үлкен абырой-беделге ие болып, әріптестеріңіз бен шәкірттеріңіздің құрметіне бөленіп келесіз.

Сізге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңыздың амандығын тілейміз! Әрбір күніңіз қуаныш пен шаттыққа толы болып, бала-шағаңыздың, немерелеріңіздің қызығын көріп, олардың құрметіне бөлене беріңіз!

ҚҰРМЕТТІ БЕРІКЖАН АЙТҚҰЛҰЛЫ!

Қайртай Жакупович Амиргазин
«Жоғары халық өнері мектебі» (академиясы)
ФМББББМ бұрынғы директоры, педагогика ғылымдарының
докторы, профессор, Петров ғылымдар және өнер
академиясының академигі

Тұнық ағынды суда, жайлап еркін жүзген қайықтай, біздің өмірімізде денсаулықтың арқасында, жастық жалын асқақ мінез, алған білім, бойға жинаған бай тәжірибенің арқасында білім, ғылым, өнер, теңіз толқынындай алғырлық, қайсарлықпен қарсы тұрып биік тұғырға жеткен Берікжанымызда жетпіске толғанын Россияда жатып естіп өз жүрегімнен шыққан ой толғауымды жазып отырмын.

Берікжан солқылдаған балалық, жігіттік, ел ағасы болған шағыңның бәрін, Қазақстан көркем бейнелеу өнерін игеруге, және осы салаға жас оқытушы мамандар тәрбиелеуге арнадың. Жарты ғасыр саналы өміріңді тек жас буын жеткіншек ұрпаққа, эстетикалық тәрбие берумен бірге профессионалдық білім беруге, кафедраны, факультетті, институтты инновациялық жолмен дамытып, жаңа заманауи талабына сай модернизация жасауға көп еңбек сіңіріп отырсың.

Менің есіме 1984–1996 жылдар келеді, Алматы мен Семей қалаларындағы шаңырақтарымыз ортақ, дастарханымыз тек достарға ғана жайылып, ас ішіп аунап қунап жер төсекте бәріміз бірге қатар жатушы едік. Сен әрқашан ортаның ұйытқысы болып, атқанша әңгіме дүкен құрып, бәрімізді күлкіге қандырушы едің. Неткен қайтып келмес өмір десеңші! Өткен тарихты еске алмай, бүгінгі Берікжанды оның қоғамдағы орнын, өсу жолдарын көз алдыма елестету қиын.

Бейнелеу өнеріне деген сүйіспеншілігі, қыл қаламынан шыққан туындылары кейін ғылыми зерттеуге ұласты. Бейнелеу өнердің қыр-сырына қызығып, Қазақ бейнелеу өнерін сараптай келе, ұлттық нақыш тұрғысынан зерттеп

кандидаттық, докторлық диссертация жазып ұлттық педагогика ғылымына өз үлесін қосты. Берікжан бірнеше оқулықтардың кітаптардың, монографиялар мен бірнеше Хирша халықаралық мақалалардың авторы. Берікжан өнерде, ғылымда танымал ұстаз әлемдік дәрежедегі ғылым Қазақ халқының шоқтығы биік азаматы.

ТОЛЫҚ БІТІМ

Нұртас Ахатұлы
филология ғылымдарының кандидаты, Педагогика ғылымдары академиясының, Ұлттық құндылықтар академиясының академигі, ҚР-ның Еңбек сіңірген ұстазы. Көкшетау қаласы



Ерекше бір магниті бардай адамды өзіне тартып тұратын жандар болады. Шамасы бұл адамның табиғатынан, жаратылысынан, бәлкім біз түсіне де бермейтін, тек пенделік түйсікпен ғана сезінетін беймәлім тылсым дүниеден құралатын тұмса жаратылыс көрінісінен бе екен?!

Сонау сексенінші жылдардың соңы, тоқсаныншы жылдардың басы. Білім әлеміне жаңа келсек те, біраз шаруаларға араласып үлгерген шағымыз. Алматыдағы мұғалімдер білімін жетілдіру институтында курстамыз. Жетекшіміз таңғы жұмысын бізді тексеруден бастаған соң, «Сегодня вам лекцию будет читать Берикжан Айткулович» деді. Курс тыңдаушылары толықтай қаракөз қазақтар болсақ та, «Е, тағы да бір орысша сайрайтын зуылдақ пақыр шығар» деп отыра бердік.

Аудиторияға ұзын бойлы, өзін еркін ұстаған, жүзінен нұр сәулесін шашқан, күлімсіреген жігіт ағасы кіріп келіп

қазақша амандасып, жылылық шашқан сөздерімен бірден бәрімізді баурап алды. Берікжан Айтқұлұлын алғашқы көруім еді. Бұрынғы «казенный» лекторларға мүлдем ұқсамайды, сөйлеу мәнері өзгеше, аудиторияны меңгеру тәсілі мүлдем басқашалау. Өзін әдеттегідей қатып, пісіп қалған лектор сияқты ұстамайды, өте биязы, жұмсақ сөйлейді, бойында бір табиғи жылылық есіп тұр. Күнделікті «сухой» лекторларға бар болмысымыз үйреніп, санамыз бен түйсігіміз «ұйқыға» кеткен біздерді біртіндеп оятып алып өзіне баурап әкетіп барады. Біршама уақыттан соң барлығымыздың аузымыз ашылып, зейініміз осы адамға толықтай ауып жүре берді. Тұңғыш рет тақырыбын түсіндіруде бар жан-тәнімен берілетін, өзгеше кеңістікке еніп, бар материалды басқаша ракурста алдыңа алақанына салып әкелетін, риторикасы баурап алатын ғалымды көруім осы еді. Екі апталық курстан менің жадымда әйтеуір сабақ беруші педагогтардан Берікжан Айтқұлұлының ерекше бітім болмысы жатталып қалды.

Ғұмырлық жолымда Берікжан Айтқұлұлымен көп кездескен емеспін. Мен Көкшеде, ол Алматыда еңбек етті. Бірақ үнемі осындай тамаша адамның барын жүрекпен сезіп жүретінмін.

Адам бойында ерекше жаратылған қасиет болады. Ол туған жердің табиғатынан дариды. Берікжан ағада осы қасиет-қарым айырықша көрінеді. Бала шақтан болашаққа дейінгі кезін өзінің туған жерінде тылсым табиғатпен тілдесіп, біте қайнасып өскен адамда аса қасиетті қабілеттер қалыптасады. Ол – сурет өнері. Қазақ ұлтында әлмисақтан қанында бар кие!

Төрт мың жыл бұрын тасқа таңба басып, тұлпарының басын Алтайдан батысқа бұрып, шартарапты жаулап, Еуразияны бағындырған ұлы бабаларымыз осы таңба салу өнерін әлемге таратты. Дүние ұлы өркениетті таңба арқылытанытты, дамытты. Бұл біздің қасиетті өнеріміз еді. Ұлы Шоқан да бесіктен белі шықпай жатып-ақ тылсым дүниені, бар тіршілікті суретке түсірді. Яғни, бұл қанымызда бар, толықсыған тамырымызда бар кие ғой.

Берікжан ағаның тал бойына сәби кезінен біткен қасиеті – дөңгеленген әлемді, шыркөбелек айналған кеңістікті әз жүрегімен ішкі түйсігінде бейнелеп, көкірегінде жазуы. Туған табиғат адамды қалыптастырады.

Ұлы Мағжан «Табиғат – сұлулықтың мәңгілік мекені» деп бекер айтпаса керекті. Табиғатпен біте қайнау адамның болмыс бітімін қалыптастырады. Бұл – аксиома! Айналаңдағы қозғалған тіршілікке адам көзімен қарап білу де қажетті қасиеттің бірі. Адамзат жаратылғаннан бері адам мен табиғат арасындағы өзара байланыс, етене жақындастық, тіпті сырласу әфсанасы орнады. Табиғат Берікжан ағаның берік кредосына бала жастан бекіді.

Оның тұлғалық қалыптасуына айрықша зор үлес қосқан өзінің туып өскен табиғаты. Содан ағаның бейнелеу өнеріне деген ұлы махаббатының оянуы. Қазақ табиғатынан бейнелеудің образдық формасын сәби кезінен-ақ байқатады. Ұлтымыздың тұрмыс-салт жырларында бұл ғаламат көрініс тапқан. Тіпті шағын жанрлар – жұмбақ, мақал-мәтелдер, даналық сөздердің өзінде «адам – табиғат» тандемі ғажап гармониялық үйлесім тапқан. Ағаның бейнелеу мен сурет өнеріне бой тартуы туған жер табиғатының тартылысы күшті тегеурінінен деп білген дұрыс.

Кез-келген индивидумның тұлғалық қалыптасу, өсу, шарықтау, марқаю кезеңі болады. Тұлға деп адамның өзі өмір сүрген қоғамына өз қабілет-қарымына сай пайда келтіру дәрежесін айтады. Берікжан ағада тұлғалық бітім ерекше көрінеді. Ұстаз, педагог, талантты суретші, дидактик-методолог, ғалымдық кеңістік ағамның тұлғалық концепциясын анықтайды.

Толысу – адам өміріндегі жан-жақты бағыттық қабілеттердің бір арнаға тоғысуы. Өмірлік тәжірибенің сұрыпталып, синтезделген, таразыға тартылып екшеленген кезеңін толысу деп анықтаған жөн. Берікжан Айтқұлұлының толысуы, оның ғұмырлық өмір жолынан байқалады. Әуелде қарапайым ғана ауыл мұғалімі болып еңбек жолын бастаса, бүгінде Ел танитын, атының өзі-ақ ерекше сыйластық сезімге бөлейтін, құрметке кенелтетін жан ретінде көрінуі -

оның толысу дәуірінің жастық шақтан кемел шаққа өтуінің куәсі.

Кемелдену - ақыл-естің, сананың өмірлік жолдағы жинақталған, білім мен біліктің кірігуінің белгісі. Тіршілікте жинақтаған біліммен толығысу кезеңінен өткен адам ендігі жерде өз қоғамына, өз ортасына кемелдіктің шуағын төгеді. Саналық ақылдың айнасы ретінде көрінеді. Осы бағытта Берікжан ағаның кемел ойының бүгінгі қоғамға қажеттілігі орасан зор.

Тыңдаушысы бар ортада ағаның айтар даналық дариядай еркін жүздіртетін ақылгөйлік қабілетін пайдалану біз үшін қажет. Бүгін барлық білім ұйымдары, балабақшадан бастап университет, академияларға дейін Берікжан Айтқұлұлының толығысқан кемелдігінен алар өнегелік ғибратын пайдалана білуі керек деп есептеймін. Білім кеңістігінде «Берікжан мектебі» атты ғибрат университеті жұмыс істейтін уақыт келген сияқты. Бұдан бүгінгі қазақ қоғамы, бүгінгі әлеуметтік идеология көп ұтады.

Толысу, кемелдену – саналы адамның өмір жолындағы өнегелі биіктігін көрсететін философиялық категория. Бұл тұлғаның толық бітімінің анықтамасы. ТОЛЫҚ БІТІМ – тұлғаның ішкі жан сарайының эстетикалық талғамының орасан зор байлығының белгісі. Қарым-қатынас психологиясында адамның тұлғалық белгісінің жан-жақтылығын, оның интеллектуалдық кемелдігін толық бітім дәрежесімен салыстырады. Бүгінде мұны IQ категориялық шкаласы деп белгілеген. Берікжан ағаның ТОЛЫҚ БІТІМІ оның ғұмырнамалық өмір жолымен анықталады.

Ғылымның өзі әлі толық дәлелдеп бере алмай отырған бір бағыт – адам табиғаты. Адам өрісінің, ойлау қабілетінің, сана кеңістігінің таразысын өлшеуде әлі де ашылмаған құпия жетіп артылады. Осы бағытта Берікжан ағаның педагог-ғалым ретінде айтары өте мол. Бүгінгі жастардың осы мәселе төңірегінде ғалымның толық бітімге құралған өрелі білім мұхитынан алары көп.

Берікжан ағамен өмірде күнделікті қоян-қолтық араласпасам да сирек кездесетін сәттерде өзімнің туған

ағамдай бауырмалдылық сезім бойымды билей жөнеледі. Қасында тұрып оның тұмса табиғи болмысының жүрек жылуын, жан шуағын, көңіл күйін, көкірек сәулесін сезіп тұрамын. Әрдайым ортаның түп қазығы іспеттес ақжарқын көңіл-күйі, эмпатиялық ерекше мінезі, әзілмен жанды жадыратар, эмоциялық езу тартқызар әзілге құрылған сөздері өзіне адам біткенді тартып тұрады. Бұл өзінің өзгеден артық айырмашылығы. Бітімдік биіктігінің белгісі сияқты. Алыста болсам да, оның үнемі қасымда жүретіндей, маған жүрек көзімен қарап тұратындай тұрпатын үнемі көкірегіммен сезіп жүремін.

Бұл - «ТОЛЫҚ БІТІМ» философиясындағы тұлға дәрежесінің ең жоғары саналық нүктесіне көтерілген Берікжан ағамның кеңістігі!

Дөңгеленген дүние қанша шыркөбелек айналса да, өз табиғилығынан айнымайды. Адам мен табиғат та солай. Әуелде бейнелеу, сурет өнерімен өзектес болуында табиғаттың әсері болса, кейінде адам болмысын зерттеуде ғылым әлемінде жарқырап көрінген Берікжан Айтқұлұлының атақ-дәрежесінің өзін тек қана қазақ Елі ғана емес, басқа мемлекеттер, ғалымдар мойындаған. Бірақ өмірде өте қарапайым, өте сыршыл, нәзік жанды ағамыз әрдайым адамгершілік болмысымен адам қоғамында ТОЛЫҚ БІТІМІМЕН алда қарыштай адымдап хұсни руханият көшін бастап келеді. Осы жолыңыз ұзақ болсын деп тілеймін!

БЕС НӘРСЕГЕ АСЫҚ БОЛҒАН БЕРІКЖАН АЙТҚҰЛҰЛЫ

Салқынбай Анар Бекмырзақызы
Филология ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ



Өнері – өрісі, ғылымы – бағыты болған Тұлғаны, сөйлегенде сөзден түйін түйген, айтқаны мірдің оғындай, әр сөзі қорғасындай терең де тағылымды Берікжан Айтқұлұлын алғаш Ұлттық құндылықтар академиясының онлайн жиындарында тыңдадым. Әр сөзін салмақтай айтатын, сөз жігінде бір мін жоқ, кейде баяғының билерінше толғай да толғай сөйлеп, «алыстан сермеп, жүректен тербегенде» көрікті жүзі нұрлана түсіп, ойын нақты да анық айтқанына іштей риза болатынбыз. Берікжан Ағаның қазақтың материалдық және рухани құндылықтары, оның қазіргі проблемалары туралы ойлары мен тұжырымды пікірлеріне ешкім дау айта алмайтын, біздің жиындарымыздың тоқетер сөзі де ағаның пікірімен аяқталып жатар еді.

Берікжан ағаны өз басым осылай таныдым. Үлкен халықаралық ғылыми жиындарда Берікжан Айтқұлұлы қазақтың ұлттық құндылықтарын білу, сақтау, жүйелеу, дамыту жолдары туралы өзекті мәселелерді көтеріп сөйлегенде, оның рухани жан-дүниесіндегі ұлтқа деген сүйіспеншілігі, махаббаты анық көрінер еді. Сірә, ұлттың жан байлығы, рух байлығы –осындай жүрегіне имани гүл орнаған Тұлғалардың қайсар да қайтпас әрекетінен, өнерге деген адалдығынан туындап, жинақталып, ұлт қазынасына құндылық болып құйылса керек.

Берікжан Айтқұлұлының ұлттың рухани һәм мәдени қазынасына қосқан үлесі мол.

Бірінші. Ең алдымен, педагог кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесіндегі әдістемелік қызметі. Бұл – білім беру сапасын арттыруды қамтамасыз ететін негізгі тетіктердің бірі. Бұл қызмет кез келген педагогтың кәсіби өсуіне, шығармашылық әлеуетін дамытуға және білім беру үдерісін жетілдіруге бағытталған. Әдістемелік қызметтің мазмұны – жаңа әдіс-тәсілдерді іздеу, озық тәжірибелерді жинақтау мен тарату, сондай-ақ білім беру сапасын арттыруға қажетті әдістемелік құралдарды әзірлеу. Қазақстанда педагогтардың біліктілігін арттыру жүйесі тәуелсіздік жылдарында жаңа деңгейге көтерілді. Кеңес кезеңінен кейін, жас тәуелсіз мемелекеттің өнері мен мәдениетін дамытудың жаңа бағытын саралап, жаңа арнасын ашу үшін бұл салада түбегейлі өзгерістер керек болғаны белгілі. Міне осындай аса жауапты істің басы-қасында болған Берікжан Айтқұлұлы республикалық институт базасында әдістемелік қызметтің жүйелі жаңғыртылуына, педагогтардың кәсіби дамуына бағытталған тиімді құрылымды қалыптастыруға ққызмет еткен. Жаңа бағыттағы жасампаз жұмыстар педагогика ғылымдарының докторы, профессор Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетовтың басшылығымен жүзеге асырылды.

Осы кезеңде білім беру жүйесіне жаңа технологиялар енгізіліп, педагогтардың компьютерлік сауаттылығын арттыру, білім беру мазмұнын жаңарту, жаңа буын оқулықтарына көшу бағытында маңызды қадамдар жасалды. Халықаралық ұйымдармен бірлескен жобалар жүзеге асырылып, білім беру жүйесі әлемдік білім кеңістігімен ықпалдаса бастады. Нәтижесінде әдістемелік қызметтің сапасы артып, педагогтардың кәсіби деңгейі жаңа талаптарға сай қалыптасты.

Осы үдерістердің барлығы ұстаз тұлғасының рөлін айқындай түседі. Ұстаз – тек білім беруші ғана емес, ол – қоғамның интеллектуалдық әлеуетін қалыптастырушы. Осы тұрғыда Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетовтың тұлғасы ерекше.

Екінші. Ғалымның ғылыми қызметі – тереңдік пен жүйелілiктің үлгісіндей. Берікжан Айтқұлұлының ғылыми

қызметі педагогика ғылымының өзекті мәселелерін шешуге бағытталды. Өнер саласында жүрген ғалымдардың зерттеулері мен жазған пікірлеріне сүйенсек, Берікжан Аға еңбектері білім беру жүйесін жаңғырту, педагог кадрлардың біліктілігін арттыру, тұлғалық-бағдарлы оқыту мәселелерін қамтиды. Ғалымның қаламынан туған «Қазақстандағы педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесі», «Өнер тарихы», «Артпедагогика» сияқты еңбектер отандық педагогика ғылымының дамуына елеулі үлес қосады.

Ол тек теориялық зерттеулермен шектелмей, ғылыми идеяларын практикамен ұштастыра білді. Соның нәтижесінде оның ғылыми тұжырымдары білім беру жүйесінде нақты қолданыс тапты. Ғалымның жетекшілігімен қорғалған докторлық, кандидаттық және магистрлік диссертациялар – оның ғылыми мектебінің қалыптасқанын дәлелдейді.

Үшінші. Тұлғаның шешендік өнері – ұстаздық болмысының айнасындай.

Берікжан Айтқұлұлының тұлғалық болмысындағы ерекше қырларының бірі – оның көркем сөйлейтін шешендігі. Ол қай ортада болсын ойын анық, дәл және әсерлі жеткізе білетін асыл сөздің хас шебері. Жоғарыда атағанымыздай, әр сөйлеген сөзі мазмұнға – бай, мағынасы – терең, ойы – жүйелі, тұжырымы – тиянақты. Тыңдаушысы қазақ сөзінің жүйесін ұққандай, кешегі өткен Қаз дауысты Қазыбектің, төбе би Төле бидің, Байдалы бидің бүгінгі жұрнағын көргендей болары хақ. Тек тыңдау үшін кісіге бірақ білім ғана емес, “Көңілінің көзі ашық, сергек” болуы шарт, “Түбі терең сөзді” тыңдай білуге, бағалай алуға “Өлеңі бар өнерлі іні” керек.

Бәлкім, ұстаздық қызмет тұлғаның туа біткен шешендік қабілетін одан әрі ұштай түсуге мүмкіндік жасаған да болар. Дәріс оқу барысында да, ғылыми жиындарда да ол күрделі педагогикалық мәселелерді қарапайым әрі түсінікті тілмен жеткізе отырып, тыңдаушыларын баурап алу – Берікжан ағаның бойындағы асыл қасиеттердің бірі дер едік. Бұл қасиет ұстаз үшін аса

маңызды, себебі білім беру тек ақпарат жеткізу ғана емес, ол ұстаздық қызмет жүрекке жол таба білу өнері.

Төртінші. Тұлғалық келбеті – парасат пен принциптің үйлесімі.

Берікжан Айтқұлұлы – толық адамға, бүтін бітімге тән имани гүлді көкірегіне көрсетпей таққан, тегінде бар жоғары адамгершілік қасиеттерді бойына әбден сіңірген, әділдік пен шындықты ту еткен тұлға. Талай жыл бірге қызмет еткен ғалымдардың пікіріне сенсек, оның басшылық қызметіндегі басты ерекшелігі – талапшылдық пен әділдіктің үйлесуі. Ол әрдайым білім сапасын бірінші орынға қойып, педагогтарға жоғары талап қоя білген.

Бесінші. Берікжан Айтқұлұлы – тәлімгер ұстаз. Қазіргідей алмағайып заманда жас мамандардың ғылыми жолға түсуіне ықпал етіп, олардың кәсіби қалыптасуына жағдай жасайды. Оның шәкірттері бүгінде еліміздің әр өңірінде табысты еңбек етіп, ұстаз жолын жалғастыруда. Жастарды соңынан ертіп, еліктірер қасиеті де, ерекшелігі де сол – жаңашылдыққа ашықтығы мен батылдығы болса керек. Ол жаңа идеяларды қолдап, жүзеге асыруда шешім қабылдай білетін қайраткер.

Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесіндегі әдістемелік қызмет – білім сапасын арттырудың басты негізі. Ал осы жүйенің дамуына үлес қосқан тұлғалардың еңбегі – ұлт болашағына салынған инвестиция.

Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетов – ғалым, ұстаз, басшы және тұлға ретінде отандық білім беру жүйесінің дамуына зор үлес қосқан қайраткер. Оның ғылыми еңбектері, шешендік өнері, адамгершілік болмысы мен ұйымдастырушылық қабілеті – жас ұрпақ үшін үлгі. Осындай тұлғалардың өнегесі арқылы білім беру саласы жаңа биіктерге көтеріле беретіні сөзсіз.

Данышпан Абайдың “талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым” деген бес асыл ісінің көрнекілігі Берікжан ағайымның әр ісінде, әр басқан ізінде жатыр.

Құрметті Берікжан Айтқұлұлы!

Сізді мерейлі 75 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Өнер – адамзаттың жан дүниесін байытып, оның ішкі әлемін кемелдендіретін, өткен мен бүгінді жалғап, болашаққа бағыт сілтейтін ұлы күш. Осы биік ұғымды өмірлік мұратқа айналдырып, оны ғылыммен ұштастыра білген санаулы тұлғалардың бірі – өзіңізсіз.

Сіз – өнер мен ғылымды қатар игеріп, оны халық игілігіне айналдырған бірегей тұлғасыз. Табиғи дарыныңыз бен еңбекқорлығыңыздың арқасында өз жолыңызды айқындап, саналы ғұмырыңызды ұрпақ тәрбиесіне, білім мен мәдениеттің дамуына арнадыңыз. Өнерге деген сүйіспеншілігіңізді ғылыми ізденіске айналдырып, оны кейінгі буынға аманат еттіңіз.

Өнер – тек таңдаулы жандардың еншісі емес, ол – әр адамның өмірімен біте қайнасқан құбылыс. Адам баласының сезімі мен ойын жеткізудің ең көркем тілі де – осы өнер. Осы тұрғыдан алғанда, Сіздің еңбегіңіз тек бір саламен шектелмей, тұтас қоғамның рухани дамуына әсер етті деуге толық негіз бар.

Сіздің өмір жолыңыз – табандылық пен ізденістің, білім мен еңбектің жарқын үлгісі. Қарапайым еңбек жолынан бастап, биік ғылыми дәрежелерге дейін көтерілуіңіз – жас ұрпақ үшін үлкен өнеге. Ұстаздық қызметіңіз арқылы сан мыңдаған шәкірт тәрбиелеп, олардың өмір жолына бағыт-бағдар бердіңіз. Сіздің шәкірттеріңіз – бүгінде еліміздің әр саласында табысты еңбек етіп жүрген білікті мамандар.

Ғылым мен өнердің өзара байланысын терең түсініп, оны тәжірибеде дәлелдей білгеніңіз – Сіздің ерекше қырыңыз. Сіз үшін өнер – тек әсемдік емес, ол – адам мен адамды, ұлт пен ұлтты жақындастыратын рухани көпір. Ал ғылым – сол өнердің мәнін ашып, оны жүйелейтін таным құралы. Осы екі ұлы ұғымды бір арнаға тоғыстырып, ұлттық білім беру жүйесіне енгізген еңбегіңіз ұшан-теңіз.

Сіздің ғылыми еңбектеріңіз бен оқулықтарыңыз – білім беру саласындағы ең қажетті һәм бағалы мұраңыз. Жас

ұрпақтың эстетикалық талғамын қалыптастыруға арналған еңбектеріңіз уақыт өткен сайын маңызын арттыра түсуде. Сіз ұсынған идеялар мен тұжырымдар – бүгінгі білім беру жүйесінің дамуына негіз болып отыр.

Ұстаз ретінде Сіз тек білім беріп қана қойған жоқсыз, сонымен қатар шәкірт бойына адамгершілік, әділдік, адалдық секілді асыл қасиеттерді сіңіре білдіңіз. Сіздің бойыңыздағы турашылдық, батылдық, әділеттілік – Сізді өзгелерден даралайтын қасиеттер. Қандай жағдайда да шындықты айтудан тайсалмайтын мінезіңіз – нағыз азаматқа тән сипат.

Сонымен қатар, Сіз – өнерді терең түсінетін, жүрегі жылы, жаны таза адамсыз. Әдебиет пен поэзияға деген сүйіспеншілігіңіз, көркем сөзге деген құрметіңіз – Сіздің рухани әлеміңіздің бай екенін көрсетеді. Сіздің әр сөзіңізден ой тереңдігі мен сезім нәзіктігі қатар аңғарылып тұрады.

Өміріңіздегі әр кезең – ел игілігі үшін атқарылған маңызды істермен өрілген. Білім беру саласындағы реформаларға қатысып, жас ұрпақтың сапалы білім алуына жағдай жасадыңыз. Мемлекеттік деңгейдегі жауапты қызметтерді абыроймен атқарып, ел сенімін ақтадыңыз. Сіздің еңбегіңіз – тәуелсіз еліміздің рухани және мәдени дамуына қосылған зор үлес.

Сіз басқарған ұжымдар әрқашан шығармашылық ізденіс пен жаңашылдықтың ордасына айналды. Ұйымдастырушылық қабілетіңіз бен көшбасшылық қасиетіңіз көптеген бастамалардың жүзеге асуына себеп болды. Сіздің бастамаларыңыз – бүгінгі таңда өз жемісін беріп отырған игі істер.

75 жылдық ғұмырыңыз – бір адамның ғана емес, тұтас бір дәуірдің шежіресі іспетті. Осы жылдар ішінде Сіз талай белесті бағындырып, ел құрметіне бөлендіңіз. Сіздің өмір жолыңыз – жас ұрпаққа үлгі, өнеге, бағыт-бағдар.

Құрметті Берікжан Айтқұлұлы!

Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, шығармашылық табыс тілейміз! Әлі де талай шәкірт тәрбиелеп, ғылым мен өнердің дамуына өз үлесіңізді қоса беріңіз. Сіздің

даналығыңыз бен тәжірибеңіз – кейінгі буын үшін сарқылмас қазына.

Мерейлі жасыңыз құтты болсын! Еңбегіңіздің жемісін көріп, абырой биігінен түспей, ортамызда аман-есен жүре беруіңізге тілектеспіз!

ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ТЫҢ ІСТЕР



Тәуірбекова Сәуле Жұманқызы
«Қазақстан республикасында білім беруді қолдау және дамыту» ғылыми-әдістемелік орталық директоры, доцент, «Қазақстан республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Ы.Алтынсарин» белгісінің иегері

Педагог кадрлар біліктілігін арттыру жүйесіндегі әдістемелік қызмет – бұл біліктілікті арттыру жүйесінің құрамды бөлігі, әр педагогтың кәсіби қалыптасуына, шеберлігін арттыруға, білім беру үдерісінің сапасына жетуге бағытталған іс-әрекеттер, жаңа, тиімді амалдар, әдіс-тәсілдерді іздеу, үздік тәжірибені анықтау, жинақтау, тарату және білім беру үдерісін қамтамасыз етуге арналған әдістемелік материалдарды әзірлеу.

1997-2007 жылдар аралығында Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық кадрлары біліктілігін арттыратын республикалық институтта (ББЖККБАРИ) әдістемелік қызмет п.ғ.д., профессор, институт директоры Әлмұхамбетов Берікжан Айтқұлұлының басшылығымен жүзеге асырылды. Осы кезеңде әдістемелік жұмысты ұйымдастыруда жаңа көз қарасты іздеуге және жеке тұлғаның кәсіби дамуына ықпал ететін, осы қызметтің икемді құрылымын жасауда біраз тың істер атқарылды. Өйткені сол кезеңде зертеу, шығармашылық ойлауды жүзеге

асыратын, ғылым жетістіктерін педагогикалық тәжірибеде қолдану арқылы, соның ішінде компьютерлік сауаттылықпен өз қызметінің мазмұнын жаңарта алатын педагогқа деген сұраныс өсті.

ББЖКБАРИ-ның үйлестіруімен республикадағы әдістемелік қызмет 14 облыстық, Астана, Алматы қалалық педагог кадрлар біліктілігін арттыратын институттары, 5 Педагогикалық жоғары оқу орындары жанындағы біліктілікті арттыратын аймақтық орталықтары, 204 аудандық (қалалық) әдістемелік кабинеттер арқылы жүзеге асырылды.

Әдістемелік қызмет барысында білім беру қызметкерлерінің төмендегі санаттары қамтылды:

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі қызметкерлері;

– облыстық (қалалық) білім басқармасы бастықтары, орынбасарлары, бөлім бастықтары, мамандары;

– облыстық (қалалық) педагог кадрлар біліктілігін арттыру институттарының (ПК БАИ) директорлары, орынбасарлары, кафедра, кабинет, бөлім меңгерушілері, оқытушылары, әдіскерлері;

– аймақтық біліктілікті арттыру орталықтары басшылары;

– аудандық (қалалық) білім бөлімі бастықтары, мамандары;

– аудандық (қалалық) әдістемелік кабинет меңгерушілері, әдіскерлері;

– жалпы орта білім беретін мектеп басшылары;

– кәсіптік, арнайы, қосымша білім беретін ұйымдары басшылары, мамандары;

– мектепке дейінгі білім ұйымдары басшылары мен мамандары.

Осы кезеңдегі әдістемелік қызмет мазмұны иститутта болған өзгерістер негізінде қамтамасыз етілді.

Бұл өзгерістер:

– Педагогикалық орталық құрылып, онда түрлі білім беру технолгияларының үлгілері шоғырландырылды;

– жаңа буын оқулығын білім саласына енгізуге байланысты біліктілікті артыру бағдарламасы жаңартылды;

– тіл саясатын жүзеге асыру мақсатында қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімдерінің біліктілігін арттыруға ерекше көңіл бөлінді;

– мұғалімдердің компьютерлік сауаттылығын арттыратын курстар ұйымдастырылды;

– білім беру жүйесін ақпараттандыру және осы сала қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мәселесі қарастырылды;

– ПРООН, ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ және т.б. халықаралық ұйымдармен тығыз байланыс жасалып, «Step & Step» балабақша, бастауыш сыныпқа арналған бағдарламалар енгізу және т.б. жұмыстар.



Жаңа буын оқулығын білім саласына енгізуге байланысты облыстық, (қалалық) ПК БАИ директорлары, орынбасарлары, әдіскерлерінің біліктілігін арттыру іс-шарасы

Мен Тәуірбекова Сәуле Жұманқызы, ББЖКБАРИ-да 2 жыл әдіскер, 18 жыл кабинет және бөлім басшысы болып еңбек жасадым. Соның ішінде Б.А.Әлмұхамбетов институт директоры болған 1997-2007 жылдар аралығында «Педагогикалық маркетинг және менеджмент» кабинеті

меңгерушісі болдым. Сондай-ақ бөлімде: Жүсіпова Бақыт Төкенқызы, Әлішова Роза Тұрғанбекқызы, Сүлейменова Айгүл Ильясқызы, Нұрпейісова Гүлжахан Мұратбекқызы, Сапарова Ағайша Әмірқызы, Кішібаева Бақыткүл Тұмарханқызы, Жақсылықова Кенжегүл Зарлыханқызы әдіскер болып қызмет атқарды.

Осы кезеңде кабинетте әдістемелік жұмыстар мына бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

❖ 1996-1998 жылдар аралығында республика мектептерінде I-XI сыныпта «Валеология» курсын ендірудің бағдарламасы мен әдістемесін әзірлеуге қатысып, эксперименттік жұмысқа басшылық жасалды, 1998-2003 жылдар аралығында біліктілікті арттыру курстары өткізілді және республикада алғаш шыққан ғылыми-әдістемелік «Валеология, дене, тәрбие, спрот» журналының шығуы ұйымдастырылды.

❖ Республикадағы білім беруді дамытуға байланысты біліктілікті арттырудың оқу бағдарламаларының мазмұнын жаңарту, жаңа бағдарламалар және 2005-2007 жылдарға арналған «Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттырудың» ұзақ мерзімді жоспарын әзірлеуге қатысып, 14 облыстық, Астана, Алматы қалалық педагог кадрлары біліктілігін арттыру институттарына (ПК БАИ) ұсынылды және осы бағдарламаларды жүзеге асыруды, оны әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырды.



«Білім беруді дамыту жағдайында мектепті басқарудың жаңа амалдары» атты Қызылорда облысындағы орта мектеп директорларының біліктілікті арттыру курсы

❖ Кабинет біліктілікті арттыру шаралары барысында теориялық білімді тәжірибе жүзінде ұштастыру мақсатында Алматы қаласы мен Алматы, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарындағы 30 базалық білім ұйымдарымен шығармашылық-ынтымақтастық орнатты, нәтижесінде курс кезіндегі тәжірибе сабақтары мен курсаралық шаралардың сапасы артты, шығармашылық-ынтымақтастық қорытындысы бойынша 2005 жылы базалық білім ұйымдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет Грамотасымен» марапатталды.



«Нәтижеге бағдарланған білім берудің жаңа мазмұны жағдайында ауыл мектебін басқару» атты Солтүстік Қазақстан облысындағы орта мектеп директорларының біліктілікті арттыру курсы

❖ Педагог кадрлары біліктілігін артыру бағытында әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында 60 әдістемелік нұсқаулық, 5 әдістемелік құрал, 10 оқу құралы, 8 оқу-әдістемелік құрал, 6 электронды-әдістемелік құрал, 106 дидактикалық материалдар, 57 жинақ, 159 мақала баспаға дайындалып, шығарылды.

❖ Төменде аталған мәселелер бойыша республикалық және халықаралық семинарлар ұйымдастырылып өткізілді:

- 2000 жылы Шымкент қаласында «Әскери мектеп-интернатта оқу-тәрбие үдерісін жоспарлау», 2001 жылы

ББЖКБАРИ-да «Мектептегі оқушылар білімін тестілеу технолгиясы», «Білім беру жүйесі орта оқу орындарында оқушылардың білімін тестілеу технолгиясының қорытындысы және оны жетілдіру», 2002 жылы «Шағын жинақты мектепті басқару және білім беру сапасын арттырудың жаңа әдістері», 2007 жылы «Қазақстан Республикасында білім беруді жаңғырту жағдайында басшы кадрлардың біліктілігін арттыру үдерісін жетілдіру».

- 2003 жылы Ақтөбе, Павлодар, Тараз, Семей, Қостанай қалаларында жаңадан ашылған Аймақтық біліктілікті арттыру орталықтары басшылары мен әдіскерлеріне арнап «Қазақстан Республикасында білім беруді дамыту жағдайында педагог кадрлар біліктілігін арттырудың ролі мен міндеттері» атты семинар-мәжілісі ұйымдастырылып, өткізілді.



Біліктілікті арттыру курсы тыңдаушыларының базалық білім ұйымы – Алматы облысы, Қарасай ауданы, Үшқоңыр орта мектебі ұжымымен кездесуі

Осы өткізілген семинарларға республикадан және шет мемлекеттерден 925-ке жуық педагогтар қатысып, қазіргі білім беру жағдайы және оны жетілдіру, дамыту мәселелері талқыланып, әдістемелік көмек берілді, соңында алдағы кезеңнің міндеттері, оны жүзеге асыру жолдары бойынша

ұсыныс қабылданып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне жіберілді.

❖ Республикалық байқаулар ұйымдастырылып, өткізіліп отырды.



Республикалық «Үздік әдістемелік қызмет» байқауының жабылу сәті, қазылар алқасы, ұйымдастырушылар және қатысушылар

Атап айтқанда: «Мектепті басқару үлгісі», «Жыл директоры», «Білім беру жүйесінде басшы кадрлардың біліктілігін үздіксіз арттыру үлгісі», «Үздік сабақ», «Үздік орта білім беру ұйымы», «Жыл мұғалімі», «Таңдаулы мектеп», «Таңдаулы ауыл мектебі», «Таңдаулы шағын жинақты мектеп», «Үздік әдістемелік қызмет» атты республикалық байқаулар өткізілді. Байқаулар қорытындысы бойынша үздік идеялар мен озат тәжірибелер анықталып, республикаға таратылды.

❖ Әр жылда 14 облыстық, Астана, Алматы қалалық ПК БАИ-ың жұмысын үйлестіру, әдістемелік көмек беру мақсатында, олардың жылдық жұмысы қорытындысын талдау мен зерттеу ұйымдастырылып, нәтижесі институттың Ғылыми кеңесіне және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне ұсынылды.

Кабинет отырысында 3 жылда бір рет облыстық (қалалық) ПК БАИ-ың басшы кадрлар кабинетінің жұмысы

тыңдалып, талқыланып, алдағы уақытқа нұсқау беріліп, әдістемелік көмек көрсетілді.

❖ Облыстық (қалалық) ПК БАИ-ың және осы институттардағы басшы кадрлар кабинетінің, аудандық (қалалық) білім бөлімдері мен әдістемелік кабинеттері, жалпы орта білім беретін ұйымдарының үздік тәжірибелері зерттеліп, жинақталып, «Білім ұйымдары басшыларының біліктілігін үздіксіз арттыру», «Қазіргі ПК БАИ», «Қазіргі оқытушы», «Қазіргі әдіскер», «Қазіргі басшы» үлгілері әзірленіп, республикаға таратылды.

❖ Кабинет қызметкерлері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тарапынан ұйымдастырылған 2003-2005 жылға арналған «Ауыл мектебі» мемлекеттік бағдарламасын әзірлеуге қатысты. Аталған бағдарламаға сай педагог кадрлардың біліктілігін арттыру мақсатында кабинет 2002 жылы Шымкент қаласында «Шағын жинақты мектепте білім беру сапасы және оны басқару» атты республикалық семинар өткізді.



«Шағын жинақты мектепте білім беру сапасы және оны басқару» атты республикалық семинарға қатысушы-ұйымдастырушылар тобы

Семинар жұмысына Қазақстан Республикасы Парламент мәжілісінің депутаттары, 14 облыстық білім басқармасының бастықтары, мамандары, облыс, аудан әкімдігі қызметкерлері, облыстық ПК БАИ басшылары,

әдіскерлері, аудандық (қалалық) білім бөлімінің бастықтары, мамандары және шағын жинақты мектеп басшылары мен мұғалімдері, республикадағы жоғары оқу орны басшылары, оқытушылары, ғылыми-зерттеу орталықтары, баспасөз қызметкерлері, барлығы 300 адам қатысты.

Семинар барысында жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайда шағын жинақты мектептің мәселелері мен дамуы, білім беру қызметін ұйымдастырудың жетекші бағыттары, университеттік білім беру және біліктілікті арттыру жағдайында шағын жинақты мектеп мұғалімдерін даярлау және жетілдіру, Қазақстан Республикасындағы шағын жинақты мектепті дамыту концепциясы (жоба) және оны жүзеге асыру мүмкіндіктері, шағын жинақты мектепті басқару, оқытудың жаңа технологияларын қолдану, ресурстық орталық – шағын жинақты мектептің оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың жаңа түрі талқыланып, озық жүйелер мен үлгілер ортаға салынды. Семинар қорытындысы бойынша ұсыныстар қабылданып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне жіберілді.

Осылай кабинет ауыл мектебін қолдау мақсатында бұдан кейін де 2003 жылы ББЖКБАРИ-да «Ауыл мектебін басқару және білім беру сапасын арттырудың тиімді жолдары» атты республикалық семинар, 2005 жылы «Ауыл мектебі – әлемдік білім беру кеңістігінде» атты халықаралық семинарды ұйымдастырып, өткізді. Аталған семинарға республика педагогтарымен қатар Ресей және Орталық Азия республикалары педагогтары қатысты.

❖ Кабинет қызметкерлері республикада білім беруді дамыту мақсатында жылда өтетін білім беру қызметкерлері Тамыз кеңесінің тақырыбы, өткізілу формалары, секцияларда талқыланатын мәселелер бойынша және 2005 жылы өткен Қазақстан Республикасы Білім беру қызметкерлерінің II съезін өткізуге байланысты институттың құрылымдық бөлімдерінің ұсыныстар әзірлеуін ұйымдастырып, материалдар жинақталып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне жіберілді.



“ Ауыл мектебін басқару және білім беру сапасын арттырудың тиімді жолдары” республикалық семинарға қатысушылар. Алматы,13-15 мамыр, 2003 жыл.



«Ауыл мектебі – әлемдік білім беру кеңістігінде» халықаралық семинары

Кабинет әдіскерлері республиканың облыс, аудандарында өтетін Тамыз кеңесі, секция жұмыстарына қатынасып, әдістемелік көмек берді.



Кабинет әдіскерлерінің Жамбыл облысы, Меркі ауданындағы педагогтардың Тамыз кеңесіне қатысуы, 2004 жыл

❖ Институттағы әдістемелік қызметтің бір бағыты – әрбір құрылымдық бөлімдердің облыстық (қалалық) ПК БАИ-на жетекшілік жасауы. Біздің кабинат Алматы облыстық мамандар кәсібін дамыту институтына жетекшілік жасап, тығыз байланыс орнатып, институт ұжымына және облыстағы білім беру ұйымдары педагогтарына тұрақты ғылыми-әдістемелік көмек көрсетті. Осы жетекшілік қызмет нәтижесінде облыстық институт пен біздің кабинет арасында шығармашылық-ынтымақтастық орнады және бұл байланыс педагог кадрлардың біліктілігін арттыруда оң ықпал жасауға мүмкіндік берді.



Кабинет әдіскерлерінің Жамбыл облысы, Меркі ауданындағы педагогтардың Тамыз кеңесінің секция жұмыстарына қатысуы, 2004 жыл

❖ Кабинет әдістемелік қызметті жүзеге асыруды Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ Ұлттық Білім академиясы, ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ, республикалық білім ұйымдарымен, жоғары оқу орындары, танымал отандық ғалымдармен тығыз байланыста болды. Сондай-ақ, кабинет шет мемлекеттермен де байланыс орнатты. Атап айтқанда :

- Өзбекстан Республикасы А.Авлоний атындағы халыққа білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау орталық институтымен, Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың Ташкент облыстық институтымен, Қарғызстан Республикасы Арабаев атындағы Мемлекеттік университеті жанындағы кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтымен шығармашылық-ынтымақтастық орнады. Аталған институт қызметкерлері ББЖКБАРИ-да кабинеттің ұйымдастыруымен өткен халықаралық семинарларға қатысты.
- 2003 жылы Бішкек қаласында «Баршаға білім беру» Дакар бағдарламасын жүзеге асыруға байланысты өткен Орталық Азия және Қазақстан Республикалары бас қосқан II форум жұмысына кабинет меңгерушісі С.Ж.Тәуірбекова қатысты. Форумда Дакар бағдарламасын жүзеге асыру бойынша қорытынды жасалынды және оны жүзеге асыруға байланысты алдағы кезеңнің жұмыс жоспары, әдістемелік іс-шаралары талқыланып бекітілді.
- 2005 жылы Украина Республикасы Дипломнан кейінгі педагогикалық білім беру облыстық институттары ректорларының ББЖКБРИ-да стажировка-тағылымдамадан өтуін, тәжірибе алмасуын ұйымдастырыды.
- 2007 жылы Ресей білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау Академиясының 80 жылдығына орай Москва қаласында өткізілген «Білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлауды дамытудың басымдылығы» атты ғылыми-тәжірибелік конференцияға Қазақстан делегациясының қатысуын ұйымдастырды.



«Баршаға білім беру» Дакар бағдарламасын жүзеге асыруға байланысты өткен Орталық Азия және Қазақстан Республикалары бас қосқан II форумға қатысушылар, 2003 жыл

Сонымен, жоғарыда баяндалған 1997-2007 жылдар аралығындағы ББЖКБАРИ-ғы және ондағы «Педагогикалық маркетинг және менеджмент» кабинетінің әдістемелік жұмыстары, сол кезеңде институтқа директор болған п.ғ.д., профессор Б.А.Әлмұхамбетовтың басқаруымен, қолдауымен жүзеге асырылды және сол кезең қызмет атқаруға қолайлы жағдай жасауымен ерекшеленді.

Міне, бүгін білім саласында әлі де қызмет жасап жатқан әріптесіміз, азамат, басшы, ғалым, тәлімгер Берікжан Айтқұлұлы 75 жасқа толып отыр.

Құрметті Берікжан Айтқұлұлы!

Сізді азамат шығар бір асқар бел – 75 жасқа толған мерей жасыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Халықты бақытқа бастайтын бірден-бір құдірет – білім болса, сол ұлағатты іске қосқан Сіздің де үлесіңіз зор. Еңбек жолыңызда қатардағы мұғалімдіктен бастап, білім беру жүйесінде ұзақ жылдар жемісті еңбек атқарып, республикалық деңгейге көтеріліп, қызмет жасап, абыройлы азамат ретіне танылдыңыз.

Адамдарға деген ақ жүрек адалдығыңызбен, парасаттылығыңызбен, Сіз әрдайым олардың алғысына бөленіп жүрсіз.

Бүгінде Сіз ұлын ұяға, қызын қияға қондырған бәйтерек іспеттісіз. Қосағыңызбен қоса ағарып, балдай тәтті немерелеріңіздің қызығына тоймай, ұзақ өмір сүріңіз, Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, өмірде тек сәттіліктер тілеймін!

ҒАЛЫМ, ПЕДАГОГ, ТӘЛІМГЕР

Сағымбаев Әділғали Әбдіғалиұлы
педагогика ғылымдарының кандидаты,
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
«Көркем еңбек және дизайн» кафедрасының доценті

(Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Б.А. Әлмұхамбетов – 75 жаста)

Өзін ғылым жолына арнауды шешкен әрбір адамның өмірінде бағыт-бағдар беретін тәлімгермен кездесу ең үлкен бақыт және маңызды кезеңдердің бірі болып табылатыны сөзсіз. Мен үшін осындай маңызды және тағдырлы сәт педагогика ғылымдарының докторы, профессор Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетовпен кездесуім болатын. Зерттеуші ретінде өзінің алғашқы қадамдарын бастаған жас ізденушіге тақырып таңдаудан бастап, диссертацияны қорғауға дейінгі күрделі жолдардан өту бақытына бөлеген және де алғашқы үміткер ретінде кәсіби тұрғыдан қалыптасуыма бірден-бір себепкер болған жетекшіме, шын жүректен Алғысымды айтып, ерекше құрметпен басымды иемін! Берікжан Айтқұлұлының басшылығымен зерттеуімді бастаған күндерім, әлі күнге дейін есімде сақталып қалды.

Профессор Берікжан Айтқұлұлы өзінің педагогикалық Тұжырымдамасын, бейнелеу өнерін оқытудың заманауи әдістемесіне өзінің көзқарасын толық қалыптастырған тұлға,

елімізге танымал ғалым екені белгілі. Мен осы кісінің ғылыми мектебінен шыққан «алғашқы қарлығашы» болғанымды әрдайым мақтан етіп жүремін.

Зерттеуімнің бастапқы кезеңдерінен бастап, жетекшімнің берген бағыт-бағдары өз алдына, оның зерттеу гипотезалары сонымен қатар ғылыми көшбасшылықтың ерекше авторлық стилі арқасында, жан-жақты сыналған ізденушілердің бірі болдым. Басынан бастап мені профессордың академиялық ойлау тереңдігі таң қалдырған болатын. Ол ешқашан дайын «қалыптарды» ұсынған емес. Оның әдістерінің бірі, өз бетінше ойлауға, бейнелеу өнері, жалпы кескіндеме өнерінің артында терең білім беру процесі тұрғанын сонымен қатар білім алушылардың тағдырын көруге болатынын үйретуден басталатын.

Диссертацияны дайындау әрқашан күмән мен дағдарысқа толы ауыр және қажырлы, күнделікті ізденістерден тұратын еңбек екені белгілі. Бұл жерде жетекшінің рөлі аса маңызды. Жетекшім әрдайым материалдың сапасына, тұжырымдардың дәлдігіне және эксперименттердің сенімділігіне талапшылдықпен қарайтын. Менің ғылыми зерттеуімде Берікжан Айтқұлұлының қолтаңбасы жатыр, деп толықтай, айта аламын! Зерттеу барысына, жетекшіден қатаң талаптар да, қойылғаны рас. Менің, ойымша, кейінгі ғылым жолындағы шәкірттерін де, шыңдап, кәсіби тұрғыдан адалдыққа, ғылымға терең және жан-жақты қарауға талап қойды, деп есептеймін. Академиялық қатаңдықтың артында әрқашан керемет жылы, әкелік мейірімділігі байқалатын. Зерттеу кейде тығырыққа тірелген сияқты көрінетін сәттерде менің бойыма сенімділікті оята алумен қатар қателіктерден қорықпауға, оларды құнды тәжірибе ретінде қабылдауға және әрі қарай тапжылмай еңбек етуге үйретті.

Профессор Берікжан Айтқұлұлы бейнелеу өнерін оқытудың заманауи әдістемесінің негізін қалаушылардың бірі. Күні бүгінде профессордың жетекшілігімен жиырмаға жуық кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды, ғылыми мектебі қалыптасты және Берікжан

Айтқұлұлының жетекшілігімен екі жүзден астам басылымдар мен монографиялар жарық көрді.

Берікжан Айтқұлұлы, Сіздің мерейлі 75 жасқа толып отырған шағыңызда, Сізге шексіз шыдамдылығыңыз үшін, ғылым жолында берген біліміңізбен жомарттығыңыз және жылулығыңыз үшін алғашқы шәкіртіңіздің жүрекжарды Алғысын қабылдаңыз! Сізге зор денсаулық, сарқылмас ғылыми және шығармашылық Шабыт, жолыңызды қуған талантты ізбасарларыңыз көп бола берсін! Отандық педагогика ғылымының игілігі үшін, әлі ұзақ жылдар жемісті қызмет ете беруіңізге тілекшімін!

ҰСТАЗ ТАҒЫЛЫМЫ – ҒЫЛЫМ МЕН ӨМІРГЕ ЖОЛ

Ғалымжанова Маржан Анесқызы,
педагогика ғылымдарының кандидаты



Ұстаз–терең мағыналы ұғым. Ұстаз – тек білім беруші ғана емес, рухани бағдар көрсетуші, тұлға қалыптастырушы, өмірдің мәнін ұғындыратын шамшырақ. Осындай ұлағатты ұғыммен табиғи астасып жатқан тұлғалардың бірі – менің ұстазым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетов.

Ұстазға деген құрмет – білімге деген құрмет. Себебі ұстаз жүрегінің жылуын, ақыл-парасатын, өмірлік тәжірибесін шәкіртіне арнайды. Сол себепті ұстаз есімі әрдайым қадірлі, еңбегі қашанда қастерлі. Мен үшін Берікжан Айтқұлұлы – ғылым әлеміне алғашқы қадам жасаған сәттен бастап бағыт-бағдар берген, зерттеушілік мәдениетті үйреткен, ғылыми ойлау жүйесін қалыптастырған ұстаз.

Ағайдың өмір жолына көз жүгірткен сайын оның тұлғалық болмысы мен ғылыми мектебінің ауқымы айқындала түседі. Саналы ғұмырын еліміздің білім саласын және ғылымды дамытуға педагог мамандардың біліктілігін арттыру жүйесіне арнаған Берікжан Айтқұлұлы – жалпы педагогика, эстетикалық тәрбие, өнер арқылы тұлға қалыптастыру мәселелерін ғылыми тұрғыдан негіздеген көрнекті ғалымдардың бірі. Оның ғылыми еңбектері мен ұстаздық мектебі бірнеше буын зерттеушілердің кәсіби қалыптасуына ықпал етті.

Оның әрбір сөзі шәкірт санасына білім ғана емес, рухани қуат дарытатын. Әр шәкіртінің ғылыми ізденісіне жауапкершілікпен қарап, тақырыптың өзектілігін терең ашуға, әдіснамалық негізін дұрыс құруға, нәтижені дәлелдеуге ерекше мән беретін. Біз үшін оның бір ауыз ғылыми кеңесі бірнеше кітапқа татитын.

Берікжан Айтқұлұлының ғылыми мектебінің басты ерекшелігі – теория мен тәжірибенің бірлігінде. Ол кісі педагогика ғылымын өмірмен, ұлттық мәдениетпен, өнермен және адам тәрбиесімен тұтас қарастырды.

Ағайдың адами болмысы да ерекше тағылымды. Кішіпейілділік, қарапайымдылық, зиялылық пен парасаттылық – оның табиғатына тән қасиеттер. Үлкен ғалым бола тұра, шәкірттің әр пікіріне құрметпен қарап, ғылыми еркін ойлауға мүмкіндік беретін. Осындай қасиеттері арқылы ол тек кәсіби маман емес, рухани биік тұлға тәрбиелей алды.

Мерейтой – өткен жолды саралап, тұлғаның ұлт руханиятына қосқан үлесін бағалайтын сәт. Осы белесте Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетовтің ғылыми және педагогикалық қызметі ұлттық білім тарихындағы маңызды құбылыс ретінде бағаланады. Оның ғылыми мектебі, қалдырған еңбектері мен тәрбиелеген шәкірттері – ұстаз ғұмырының мәңгілік жалғасы.

Шәкірті ретінде мен үшін ұстаздың ең үлкен өнегесі – ғылымға адалдық. Ол кісі бізге ғылымдағы шынайылықты, ізденістегі табандылықты, ұлт құндылықтарына құрметті және адамдық болмыстың биіктігін үйретті. Ұстаз туралы естелік – өткенге тағзым ғана емес, келер ұрпаққа аманат. Берікжан

Айтқұлұлының тағылымды жолы, ғылыми мектебі, рухани биігі әлі талай буынға үлгі болары сөзсіз.

Берікжан Айтқұлұлының ғылыми мұрасы мен ұстаздық өнегесі кейінгі ұрпаққа үлгі болып, ұлттық педагогика ғылымының дамуына қызмет ете береді.

ҒЫЛЫМ МЕН ӨНЕРДІ ҰШТАСТЫРҒАН ҰСТАЗ ТҰЛҒА

Дабылтаева Райхан Есбергеновна
педагогика ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор

Қазақ педагогикасы мен бейнелеу өнері саласының дамуына өлшеусіз үлес қосқан, ұлағатты ұстаз, ғалым, қоғам қайраткері – педагогика ғылымдарының докторы, профессор Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетовтің есімі еліміздің білім мен ғылым кеңістігінде ерекше құрметпен аталады. Оның саналы ғұмыры ұстаздық қызметке, ғылым мен өнерді дамытуға, ұлттық мәдениет пен руханиятты жаңғыртуға арналды.

Берікжан Айтқұлұлының еңбек жолы – табандылық пен ізденістің, кәсіби шеберлік пен азаматтық жауапкершіліктің жарқын үлгісі. Ұстаздың көпжылдық еңбегі жоғары бағаланып, ол «Қазақ КСР халыққа білім беру озаты», «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Құрмет» орденінің иегері секілді көптеген мемлекеттік марапаттарға ие болды . Бұл марапаттар – оның ғылым мен білім саласына сіңірген еңбегінің айқын дәлелі.

Ғалымның ғылыми-педагогикалық қызметі кең ауқымды әрі мазмұнды. Ол 47 жылдан астам уақыт бойы білім беру саласында үздіксіз еңбек етіп, көптеген жетістіктерге жетті. Оның ғылыми еңбектерінің саны 170-тен асады, бұл – бір адамның ғана емес, тұтас ғылыми мектептің көрсеткіші десек артық емес . Сонымен қатар

оның жетекшілігімен 2 докторлық, 12 кандидаттық және бірнеше магистрлік диссертациялар қорғалып, қазіргі таңда да жас ғалымдарға бағыт-бағдар беріп келеді.

Берікжан Айтқұлұлының ғылыми зерттеулері педагогика, этнопедагогика және өнертану салаларын қамтиды. Оның кандидаттық диссертациясы қазақ ұлттық бейнелеу өнері арқылы эстетикалық тәрбие беру мәселесіне арналса, докторлық еңбегі Қазақстандағы педагог мамандардың кәсіби біліктілігін арттырудың даму тенденцияларын зерттеуге бағытталған . Бұл еңбектер бүгінгі педагогикалық ғылым үшін маңызды теориялық және практикалық негіз қалыптастырды.

Ұстаз тек ғалым ғана емес, мемлекеттік деңгейде жауапты қызметтер атқарған тәжірибелі ұйымдастырушы. Ол Қазақстан Республикасы Министрлер Кеңесінде, кейіннен білім беру саласының түрлі құрылымдарында қызмет атқарып, еліміздің білім беру жүйесінің дамуына үлес қосты . Бұл кезең оның басқарушылық қабілетін шыңдап, стратегиялық ойлау жүйесін қалыптастырды.

Берікжан Айтқұлұлы – оқу-әдістемелік жұмыстардың да белсенді авторы. Оның бастауыш және орта сыныптарға арналған «Бейнелеу өнері» оқулықтары білім беру жүйесіне енгізіліп, бірнеше буын оқушылардың көркемдік талғамын қалыптастыруға ықпал етті . Сонымен қатар ол білім беру стандарттары мен бағдарламаларын әзірлеуге қатысып, жоғары оқу орындарына арналған оқу құралдарын жарыққа шығарды.

Ғалымның ұйымдастырушылық қызметі де ерекше атап өтуге тұрарлық. Ол Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің көркем сурет факультетінің деканы ретінде бірнеше кафедраның жұмысын үйлестіріп, білім беру сапасын арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізді . Оның басшылығымен өнер мен педагогиканы ұштастыратын жаңа бағыттар дамыды.

Берікжан Айтқұлұлы – өнер мен ғылымды қатар алып жүрген бірегей тұлға. Оның шығармашылық жұмыстары ұлттық қолөнердің терең тамырын, қазақ халқының

дүниетанымы мен рухани құндылықтарын бейнелейді. «Әке», «Ата-ана», «Дос» секілді туындыларында адамгершілік, құрмет, отбасы құндылықтары көркем тілмен жеткізілген . Бұл жұмыстар оның тек ғалым ғана емес, сезімтал суреткер екенін дәлелдейді.

Ұстаздың басты ерекшелігі – шәкірт тәрбиелеудегі жауапкершілігі. Ол өз білімін студенттерге берумен қатар, олардың шығармашылық және ғылыми әлеуетін дамытуға ерекше көңіл бөледі. Оның шәкірттері бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек етіп, ұстаз жолын жалғастыруда. Бұл – нағыз ұстаз еңбегінің жемісі.

Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетов – тек бір университеттің емес, тұтас қазақ ғылымы мен мәдениетінің дамуына үлес қосқан тұлға. Оның еңбегі – жас ұрпаққа үлгі, ғылым мен өнерге адал қызмет етудің символы. Осындай қайраткер азаматтардың еңбегі арқылы еліміздің рухани және мәдени деңгейі көтеріледі.

Қорытындылай келе, Берікжан Айтқұлұлының өмір жолы – ғылымға адалдықтың, ұстаздыққа беріктіктің және ұлттық құндылықтарға деген құрметтің айқын көрінісі. Оның еңбегі мен мұрасы келешек ұрпақ үшін баға жетпес құндылық болып қала береді.

Профессор Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетов – отандық педагогика және өнертану ғылымында өзіндік ғылыми мектебін қалыптастырған көрнекті ғалым. Оның жетекшілігімен ондаған жас зерттеушілер ғылым жолына бағыт алып, кәсіби тұрғыда қалыптасты. Ғалымның ғылыми жетекшілігімен 2 докторлық, 12 кандидаттық және бірқатар магистрлік диссертациялар сәтті қорғалды, олардың қатарында Айдын Токтасынович Қожагұлов, Құралай Маратовна Бекболатова, Г.Қ. Шырынбаева сияқты шәкірттері бар. Бүгінде бұл ізбасарлары еліміздің жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтарында еңбек етіп, ұстаз салған ғылыми бағытты жалғастырып келеді. Осы тұрғыдан алғанда, Берікжан Айтқұлұлының ғылыми мектебі – ұлттық

білім мен мәдениеттің дамуына үлес қосып отырған маңызды ғылыми орта болып табылады.

ҒЫЛЫМИ МЕКТЕП ЖӘНЕ ТҰЛҒАЛЫҚ ТАҒЫЛЫМ

Оракова Амангул Шахарбековна
Педагогика ғылымдарыныңкандидаты, доцент, Бельгия Жоғары Мектебінің Гонорар профессоры, Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының академигі, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің Өнер факультетінің доценті



(Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Б.А.Әлмұхамбетовтың 75 жылдық мерейтойына орай)

Қазақстанның педагогика ғылымы мен білім беру жүйесінің дамуына сүбелі үлес қосқан көрнекті ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының академигі Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетовтің 75 жылдық мерейтойы – отандық ғылым үшін маңызды оқиға.

Берікжан Айтқұлұлының ғылыми-педагогикалық қызметі Қазақстандағы білім беру жүйесінің жаңғыру кезеңімен тығыз байланысты. Оның ғылыми еңбектері педагог кадрлардың кәсіби дамуын жетілдіру, білім беру мазмұнын жаңарту, оқыту технологияларын жетілдіру бағыттарына негізделген. Ғалымның зерттеулерінде мұғалімнің кәсіби қалыптасуы, шығармашылық әлеуетін дамыту, білім беру үдерісін тұлғаға бағдарлау мәселелері жүйелі түрде қарастырылған.

Профессор Б.А. Әлмұхамбетовтің ғылыми қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі – ғылым мен педагогикалық практиканы интеграциялау негізінде педагог-зерттеуші моделін

қалыптастыру. Осы бағытта оның бастамасымен құрылған педагогикалық зерттеулер орталығы білім беру жүйесіндегі инновациялық ізденістердің тәжірибелік алаңына айналды. Аталған орталықтың қызметі барысында еліміздің түрлі өңірлерінде эксперименттік жұмыстар жүргізіліп, мұғалімдердің ғылыми-зерттеу қызметіне қатысуы кеңінен жолға қойылды.

Ғалымның жетекшілігімен жүзеге асқан ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде тұлғаға бағдарланған оқыту, модульдік технологиялар, білім алушылардың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған әдістемелік жүйелер тәжірибеге енгізілді. Бұл бағыттағы ізденістер қазіргі білім беру жүйесінің негізгі басымдықтарымен үндесіп, өзінің өміршеңдігін дәлелдеді.

Берікжан Айтқұлұлының ғылыми мектебі – отандық педагогика ғылымындағы ерекше құбылыс. Оның жетекшілігімен педагогика ғылымдарының докторлары, кандидаттары және PhD докторлары, магистранттар даярланып, ғылымға жаңа буын зерттеушілер қосылды. Бұл ғылыми мектептің негізгі ерекшелігі – теория мен практиканың өзара сабақтастығы, сондай-ақ білім беру үдерісін зерттеуге мұғалімдерді тікелей тарту болып табылады.

Осы тұрғыда ғалымның тұлғалық қасиеттері мен жас ғалымдарды қолдаудағы рөлін ерекше атап өтуге тұрарлық. Менің жеке ғылыми қалыптасу жолымда да Берікжан Айтқұлұлының қолдауы айрықша орын алады. 1998 жылы Ақтөбе қаласында өткен «Жаңа типті мектептердің моделі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция барысында ол мені алғаш рет байқап, ғылымға деген қызығушылығымды қолдап, үлкен сенім білдірді.

Сол кезеңде менің ғылыми жолға түсуіме тікелей ықпал етіп, Алматы қаласына шақырып, ББЖҚБАРИ-дің жатақханасына орналастырып, әрі қарай ғылыммен жүйелі айналысуыма барлық жағдай жасады. Ең бастысы, мені өз қолымен Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының вице-президенті, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мақпал Жұмабайқызы Жадринаға алып

барып, ғылыми жетекші ретінде табыстауы мен үшін үлкен сенім мен жауапкершіліктің бастауы болды.

Бұл – тек кәсіби бағыт-бағдар беру ғана емес, жас зерттеушіге деген шынайы жанашырлық пен ұстаздық қамқорлықтың айқын көрінісі. Осындай қолдаудың арқасында мен ғылым жолында өз бағытымды айқындап, кәсіби қалыптасуымның берік негізін қаладым. Сондықтан да бұл жақсылықты ұмыту мүмкін емес, ол менің ғылыми өмірімнің ең маңызды кезеңдерінің бірі ретінде әрдайым жадымда сақталады.

Берікжан Айтқұлұлының ғылыми еңбектері мен ұйымдастырушылық қызметі Қазақстандағы білім беру жүйесін жаңғырту үдерістерінде маңызды рөл атқарды. Ол білім беру саясатын іске асыруға, педагог кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіруге, жаңа буын оқулықтарын әзірлеуге және білім беруді ақпараттандыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруға белсене қатысты.

Ғалымның еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, ол «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» атағымен және «Құрмет» орденімен марапатталды. Сонымен қатар, ол халықаралық деңгейдегі білім беру жобалары мен бағдарламаларға қатысып, отандық педагогиканың әлемдік білім кеңістігіне интеграциялануына үлес қосты.

Берікжан Айтқұлұлы – 100-ден астам ғылыми еңбектің авторы, бірқатар ғылыми журналдардың редакциялық алқа мүшесі, көркем-педагогикалық білім беру саласының ірі ұйымдастырушысы. Оның ғылыми мұрасы бүгінгі таңда педагогикалық қауымдастықтың құнды әдіснамалық және практикалық негіздерінің бірі болып табылады.

Қорытындылай келе, профессор Б.А. Әлмұхамбетовтің ғылыми-педагогикалық қызметі, оның қалыптастырған ғылыми мектебі мен адамгершілік ұстанымдары – отандық педагогика ғылымының дамуына қосылған сүбелі үлес. Оның өмір жолы мен еңбегі жас ғалымдар үшін үлгі, ал ғылыми

идеялары білім беру жүйесінің одан әрі дамуына негіз бола береді.

ПАРАСАТ ПЕН ПАЙЫМ БИІГІНДЕГІ ТҰЛҒА



Ақжолова Ақтоты Төлеумұратқызы
Деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, "Болашақ" халықаралық бағдарламасының стипендиаты Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Уақыт өткен сайын адамның қызметтік лауазымы емес, оның жүректерде қалдырған ізі, ұжым жадында сақталған тұлғалық болмысы айқынырақ көрінеді. Ұстаздық пен ғылым жолында, басшылық мәдениеті мен адами асыл қасиеттерді өз бойына табиғи тоғыстырған осындай ардақты азаматтардың бірі – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университетінің Ардагерлер кеңесінің төрағасы Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетов.

Биыл мерейлі 75 жасқа толып отырған Берікжан Айтқұлұлы – отандық педагогика ғылымының дамуына сүбелі үлес қосқан, жоғары мектептің қалыптасуы мен жаңғыруына еңбек сіңірген көрнекті ғалым, білікті ұйымдастырушы, ұлағатты ұстаз. Алайда тұлғаның шынайы биігі ғылыми атақтарымен ғана өлшенбейді. Ол – әріптес жүрегіндегі құрметпен, шәкірт жадындағы өнегемен, ұжым санасындағы ізгі естеліктермен бағаланады.

Менің Берікжан Айтқұлұлымен бірге қызмет атқарған жылдарым – 2017-2020 жылдар аралығы – кәсіби әрі адами тұрғыдан ерекше тағылымды кезең болып есте қалды. Сол кезеңде Берікжан ағай Педагогика және психология институтының директоры болса, мен директордың оқу ісі

жөніндегі орынбасары қызметін атқардым. Бірге жұмыс істеген жылдар оның басшылық стилін, кәсіби білімінің тереңдігін, адамдық болмысын жақыннан тануға мүмкіндік берді. Берікжан Айтқұлұлының басқару мәдениеті әрдайым жүйелілікпен, талапшылдықпен және әділеттілікпен ерекшеленетін. Сол жылдары университет басшылығының бастамасымен біздің институт пен жаратылыстану және география институты эксперимент ретінде көлденең циклді жаңа басқару жүйесіне көшкен болатын. Бұл – жоғары оқу орнының басқару тәжірибесіндегі тың форматтардың бірі еді. Апта сайын бірнеше рет кафедра меңгерушілерімен өтетін қызу талқылаулар, оқу үдерісін жетілдіруге бағытталған кәсіби пікір алмасулар, шешім қабылдаудағы жан-жақтылық – осының барлығында Берікжан Айтқұлұлының стратегиялық ойлауы мен басқарушылық көрегендігі анық байқалатын.

Берікжан ағай жұмыста өте талапшыл болды. Әр тапсырманың сапасына, мерзіміне, мазмұнына ерекше мән беретін. Бірақ бұл талапшылдық ешқашан қаталдыққа ұласпайтын. Оның астарында ұжымға деген құрмет, ортақ іске деген адалдық, әр қызметкердің еңбегін бағалай білу жататын.

Соның жарқын дәлеліндей деканаттың көмекші оқу қызметкерлерінің еңбекақысын көтеру мәселесіне алғашқылардың бірі болып жанашырлық танытып, нақты қолдау көрсетуінің арқасында методист, лаборанттардың айлық жалақылары көтерілді. Бұл әрекет оның басшы ретіндегі тұлғасын ғана емес, адамға жақын, әлеуметтік жауапкершілігі жоғары азамат екенін де айқын көрсетті.

Берікжан Айтқұлұлының тұлғалық портретін толық ашатын қасиеттердің бірі – оның кеңпейілдігі мен жомарттығы. Ұжымдағы жастарға, жас мамандарға деген қамқорлығы ерекше болатын. Кейде өз қолымен құймақ пісіріп әкеліп, деканаттағы жастарға таратып беретін сәттері күні бүгінге дейін жүрекке жылы естелік болып сақталған. Мұндай қарапайым, бірақ үлкен мейірімге толы әрекеттер адамның лауазымынан бұрын, оның рухани мәдениетін танытады. Өзінің саяжайынан үнемі алма, алмұрт әкеліп, ұжым жастарына үлестіріп беретін

жомарттығы да көптің есінде. Бұл – тек сыйлық емес, ұжымға деген ықыластың, үлкендік қамқорлықтың белгісі еді.

Тіпті кей уақыттарда ұжымды саяжайына арнайы шақырып, жары екеуі ет асып, дәмді тағамдар дайындап, ерекше ықыласпен қонақ қылатын. Сол кездесулер ресми жұмыс аясынан тыс, әріптестік байланысты адами жылылыққа ұластырған, ұжымдық бірлікті күшейткен сәттер болатын.

Берікжан Айтқұлұлының саяжайы да оның шығармашыл болмысының көрінісі іспетті еді. Өз қолымен жасаған сәндік бұйымдар, ерекше безендіру элементтері, талғаммен орналастырылған заттар оның эстетикалық дүниетанымын, өнерге жақындығын танытатын. Ағайдың қолынан сурет салу да, іс тігу де, тағам дайындау да келетін. Осындай көпқырлы өнерпаздық оның тұлғасын тіпті биіктете түседі.

Ғалым болмысы мен ұстаздық табиғаты да бір-бірімен табиғи сабақтас еді. Ол тек ғылыми еңбек иесі ғана емес, жас буынға бағыт-бағдар беретін, олардың кәсіби өсуіне шынайы қолдау көрсететін ұстаз болатын. Жастарға сенім артып, олардың бастамаларын қолдай білетін қасиеті көптеген жас мамандардың қалыптасуына ықпал етті. Ардақты ұстаздың өмір салтының өзі өнеге болатын. Спортты жанына серік етіп, таңертең жұмысқа велосипедпен келуі, тәртіптің, сергектіктің, салауатты өмір салтының нақты үлгісі. Бұл да оның сөз бен істің бірлігін ұстанатын азамат екенін көрсетеді.

Берікжан ағайдың болмысы тек педагогика ғылымымен шектелмейтін. Ол қазақтың көрнекті ақын-жазушыларымен, өнер қайраткерлерімен пікірлес, рухани жақын болған жан. Әсіресе, қазақтың көрнекті қаламгері, этнограф-ғалым Ақселеу Сейдімбек туралы көптеген естеліктерді ерекше ықыласпен айтып отыратын. Бұл әңгімелерден оның ұлттық руханиятқа, сөз өнеріне, зиялы ортаға деген терең құрметі байқалатын. Кей сәттерде ағайдың өмір жолындағы тағдырлы таңдау туралы айтқан әңгімелері де ерекше әсер қалдыратын. Белгілі қазақ режиссерлерінің бірі оны театр мен киноға рөл сомдауға шақырғанын, алайда өмірлік жол ретінде **педагогика мен ұстаздықты саналы түрде таңдағанын** тебіреніспен еске алатын.

Бұл таңдау Б.Әлмұхамбетов тұлғасының өзегін айқындайды. Өнерге жақын, шығармашылық мүмкіндігі мол адам бола тұра, ол өмірін жас ұрпақ тәрбиесіне, ғылым мен білімге арнады.

Берікжан ағайдың тұлғалық болмысының терең бір қабаты – отбасылық тәрбие мен әке өнегесі. Әкесі – Ұлы Отан соғысының ардагері болған. Осыған байланысты 9 мамыр – Жеңіс күні мерекесін және туған күнін ағай ерекше ықыласпен күтетін.

Бұл күнге алдын ала дайындалып, әке рухына тағзым ету, майдангерлер ерлігін құрметтеу, оның азаматтық ұстанымының, тарихи жадыға деген құрметінің көрінісі еді. Осы қасиет оның бойындағы отансүйгіштік сезімнің, аға буынға деген тағзым мәдениетінің терең екенін көрсетеді.

Берікжан Айтқұлұлының ұжымдағы беделі де ерекше. Әріптестері үшін – сенімді басшы, жас мамандар үшін – қамқор аға, шәкірттері үшін – ұлағатты ұстаз, ғылым жолындағы ізденушілер үшін – бағыт сілтер тұлға болды.

Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетовтің 75 жас мерейтойы – бір адамның ғана емес, тұтас педагогикалық қауымның мерейі. Оның ғибратты ғұмыры, ұстаздық жолы, адами болмысы кейінгі буын үшін әрдайым өнеге болып қала беретіні сөзсіз.

Профессор Б.Әлмұхамбетов - ғылым мен ұстаздықты, басшылық мәдениеті мен адами парасатты, ұлттық рух пен заманауи ойлауды бір бойына тоғыстырған сирек тұлға. Оның 75 жылдық мерейтойы – бір адамның өмір белесі ғана емес, тұтас педагогикалық қауым үшін тағылымды мереке.

Осындай тұлғалар уақыт өткен сайын биіктей түседі. Өйткені олардың шынайы орны – қызметтік атақта емес, адамдар жүрегінде қалуы.

Ұстаздықтың ұлы жолында, ғылым мен адамгершіліктің биігінде жүрген ардақты азаматқа зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасы амандығы мен шығармашылық шабыт тілейміз.

ҰСТАЗҒА ТАҒЗЫМ – ҰЛТ РУХАНИЯТЫНА ҚЫЗМЕТ



Қожағұлов Айдын Тоқтасынұлы
Өнер факультетінің оқу ісі, ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі декан орынбасары, PhD, ҚР Дизайнерлер одағының мүшесі, TURAN-QAZAQ суретшілер консолидациясының мүшесі

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетовтің 75 жылдық мерейтойына естелік

Қазақ елінің көркем білім беру жүйесінде өзіндік орны бар, ғылым мен өнерді бір арнаға тоғыстырған көрнекті ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетовтің 75 жылдық мерейтойы – білім мен ғылым саласындағы айтулы белес. Бұл – тұтас бір дәуірдің, тұтас бір мектептің, тұтас бір рухани кеңістіктің белесі. Өйткені кейбір адамдар өмір сүріп қана қоймайды, өзімен бірге уақыттың мазмұнын өзгертеді. Берікжан Айтқұлұлы – дәл сондай тұлға.

Ғалымның кәсіби жолы тек жоғары оқу орнымен шектелмей, мемлекеттік басқару жүйесінде де жалғасын тапты. Ол Қазақстан Республикасы білім беру саласында әртүрлі жауапты қызметтер атқарып, білім беру саясатын жүзеге асыруға, педагог кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіруге зор үлес қосты. Әсіресе, республикалық деңгейде мұғалімдердің кәсіби дамуына бағытталған бағдарламаларды енгізуі, білім беру жүйесін жаңғыртуға қосқан нақты үлесі оның іскер ұйымдастырушы ретіндегі қырын айқындайды.

Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетов – көркем білім беру мен эстетикалық тәрбиені ұлттық құндылықтармен ұштастыра білген ғалым. Оның ғылыми еңбектерінде қазақ

халқының дәстүрлі өнері арқылы жас ұрпаққа тәрбие беру, олардың рухани дүниесін байыту мәселелері кеңінен қарастырылған. Ғалымның пікірінше, өнер – тек эстетикалық құрал ғана емес, ол – ұлттық сана мен мәдениетті қалыптастыратын маңызды тетік.

Ғалымның «Өнер, өмір өскелдері» атты еңбегінде тәрбие, мәдениет, өнер және тұлға қалыптастыру мәселелері кешенді түрде қарастырылып, қазіргі білім беру жүйесіне қойылатын талаптар айқындалады. Еңбекте ұлттық қолөнердің тарихи негіздері мен оның тәрбиелік мүмкіндіктері сараланып, арт-педагогика, арт-терапия бағыттары арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары ұсынылған. Сонымен қатар, мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен заманауи білім беру технологияларын меңгеруінің маңыздылығы ерекше атап көрсетіледі.

Ғалым қазіргі заман мұғаліміне жоғары талап қояды: ол тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар шығармашыл, мәдениетті, ұлттық құндылықтарды терең түсінетін тұлға болуы тиіс. Бұл ойлар бүгінгі білім беру жүйесі үшін де аса өзекті.

Берікжан Айтқұлұлының ғылыми мұрасы – монографиялар, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар мен ғылыми мақалалардан тұратын бай қазына. Оның жетекшілігімен көптеген ғылыми жұмыстар қорғалып, шәкірттері еліміздің әр өңірінде табысты еңбек етуде. Бұл – ұстаз еңбегінің өміршеңдігінің айқын дәлелі. Берікжан Айтқұлұлының тұлғасын бір ғана қырынан тану мүмкін емес. Ол – ұстаз, ол – ғалым, ол – ұйымдастырушы. Бірақ осының бәрін біріктіретін бір өзек бар: ол – өнер арқылы тәрбиелеу идеясы. Ол өнерді тек сұлулықтың көрінісі деп емес, адамды қалыптастыратын, ұлтты сақтайтын, рухты биіктететін күш ретінде қарастырды. Оның еңбектерін оқығанда бір нәрсе анық сезіледі: ол өнер туралы жазбайды, ол өнер арқылы сөйлейді. Әрбір ойының астарында ұлттық дүниетаным, халықтық тәрбие, өмірлік тәжірибе жатады.

Сондықтан да оның ғылыми тұжырымдары құр теория емес, өмірден алынған шындыққа айналады.

Берікжан Айтқұлұлы үшін көркем білім беру – тек пән емес, ол – рухани кеңістік. Бұл кеңістікте бала тек сурет салуды үйренбейді, ол өз болмысын таниды, өзінің кім екенін сезінеді. Ұлттық өнер арқылы ол өзінің тамырын, тарихын, мәдениетін түсінеді. Ғалымның «өнер – тәрбие – мәдениет» деген үштағаны осыдан туындайды.



Ол кісі жиі айтатын: мұғалім – тек білім беруші емес, ол – бағыт беруші. Бұл сөздің мәнін уақыт өткен сайын тереңірек түсіне бастайсың. Өйткені нағыз ұстаз – дайын жауап бермейді, ол ойлануға үйретеді.

Ұстаздың еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, «Құрмет» ордені, «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» сияқты мәртебелі марапаттарға ие болды. Бұл – оның ғылым мен білім саласына қосқан өлшеусіз үлесінің айғағы.

Берікжан Айтқұлұлының тағы бір үлкен қыры – оның ұйымдастырушылық қабілеті. Ол білім беру жүйесінің әртүрлі деңгейінде қызмет атқарып, үлкен өзгерістердің басында тұрды. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру, жаңа бағдарламаларды енгізу, ұлттық мазмұнды білім жүйесіне енгізу – мұның бәрі оның тікелей еңбегімен байланысты.

Бірақ қандай биік қызмет атқарса да, ол өзін ең алдымен ұстаз ретінде сезінетін. Себебі оның ең үлкен жетістігі – шәкірттері. Осындай ірі тұлғаның ғылыми жетістіктерін тізбектеу оңай болғанымен, оның шынайы болмысын шәкірт жүрегі арқылы жеткізу ерекше мәнге ие.

Мен үшін Берікжан Айтқұлұлының есімі бала кезден таныс еді. Оның еңбектері арқылы қазақ өнерінің тереңдігін алғаш рет сезіндік десем, артық емес. Ал кейін өзімен жүздесіп, бірге жұмыс істеп, шәкірті атану – өмірімдегі ең маңызды кезеңдердің бірі болды.

Есімде, алғаш рет оны көрген сәтте бойындағы ерекше сабыр мен парасат бірден байқалды. Ол асықпай сөйлейтін, бірақ әр сөзі дәл тиетін. Әр ойын мақалмен, мысалмен, өмірлік тәжірибемен байланыстырып жеткізетін. Бұл – тек білімнің емес, өмір көрген даналықтың белгісі еді.

Бірге қызмет атқарған жылдар мен үшін үлкен мектеп болды. Ол талапшыл еді, бірақ әділетті болатын. Ол қатал көрінуі мүмкін еді, бірақ оның астарында үлкен жанашырлық жататын. Ол сенен көп нәрсе талап ететін, себебі сенің одан да үлкен мүмкіндігің бар екенін көретін.



Ал оның ғылыми жетекші ретіндегі орны – мүлде бөлек әңгіме. Ол бізді тек диссертация жазуға үйреткен жоқ. Ол бізді ойлауға, күмәндануға, ізденуге үйретті. Кейде бір сұрақ қойып, соның жауабын өзімізге айлар бойы іздететін. Сол арқылы ғылымның мәнін түсіндірді.

2024 жылы ғылыми жұмысымды қорғаған сәтте мен бір нәрсені анық түсіндім: бұл тек менің жетістігім емес, бұл – ұстазымның еңбегі. Оның сенімі, оның бағыт-бағдары, оның талапшылдығы – осының бәрі сол нәтижеге алып келді.

Қазір өткен жолыма қарасам, бір ой келеді: ұстаз адам тағдырын өзгертеді екен. Жай ғана білім беріп қоймай, өмір бағытын айқындайды.

Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетов – дәл сондай ұстаз. Ол тек өз дәуірінің емес, келер ұрпақтың да ұстазы.

Себебі оның идеялары, оның еңбектері, оның шәкірттері – бәрі алға қарай жалғасып жатыр.

Ұстазға тағзым – бұл өткенге құрмет қана емес. Бұл – болашаққа деген жауапкершілік. Ұстаз салған жолды жалғастыру, оның идеясын дамыту – шәкірттің парызы.

Құрметті Берікжан Айтқұлұлы! Сіздің 75 жылдық мерейтойыңыз – біздің ортақ қуанышымыз. Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, шығармашылық шабыт тілейміз. Сіздің өмір жолыңыз – біз үшін бағыт, сіздің сөзіңіз – біз үшін бағдар.

Сізден үйренген ең басты сабақ – ұстаз болу үшін алдымен адам болу керек екені.

ӨНЕГЕЛІ ҒҰМЫР-ӨРЕЛІ ЖОЛ



Байболова Гүлжанат Габдулахметқызы
«Өрлеу» БАҰО АҚФ Алматы қаласы бойынша Кәсіби даму институты «Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы» кафедраның аға оқытушысы, Гуманитарлық ғылымдар магистрі, Халықаралық Кембридж бағдарламасы бойынша тренер

Әр адамның өмір жолында із қалдыратын, жүрекке жылу сыйлайтын, тұлғалық болмысымен үлгі болатын жандар болады. Біздің әріптесіміз, ардақты ағай – ***Әлмұхамбетов Берікжан Айтқұлұлы*** сондай жандардың бірі.

Ағайдың еңбек жолы – тек қызмет атқарумен өлшенбейтін, мағынасы терең, мазмұны бай ғұмыр. Әрдайым кәсіби біліктілігімен қатар, адами болмысымен дараланып, айналасына қамқорлық пен жанашырлықтың шуағын шашып жүрді. Ұжымдағы әрбір жанға ағалық ақылын айтып, қиын

сәтте демеу болып, қуанышты бөлісе білетін кең жүректі азамат ретінде танылды.

Ағайдың жиі айтатын «Айналайындар-ау, адамбыз ғой..» деген сөзі-жай ғана тіркес емес, тұтас бір өмірлік ұстаным. Бұл сөздің астарында адамгершілік, мейірім, өзара түсіністік пен сыйластық жатыр. Ағай үшін ең басты құндылық - Адам. Сондықтан ол әрқашан ұжымның бірлігін сақтап, әріптестерінің жанынан табыла білді.

Әсіресе, іссапарға шығатын әріптестеріне қамқорлығы ерекше. Әрқайсысына сәттілік тілеп, керек кезде бағыт-бағдар беріп, аман-есен барып, нәтижелі оралуына тілектестік білдіріп отыратын. Бұл жай формальдық емес, шынайы жанашырлықтың көрнісі болатын.

Ұжымдағы қуанышты сәттер де ағайдың назарынан тыс қалмайтын. Әріптестердің туған күндерінде жылы лебізін білдіріп, мерекелік іс-шараларға белсенді қатысып, ұжымның рухын көтере білді. Әр құттықтауы шынайылығымен, жүректен шыққан ізгі тілектерімен ерекшеленетін.

Өмірдің қайғылы сәттерінде де ағай алысқа «Көңіл айту хаттарын» жолдап көңіл білдіріп, жанға демеу болатын сөздерін айтатын. Сын сәттерде оның адамгершілігі мен парасаттылығы айрықша сезілетін.

Кей сәттерде ағайдың «Көкетайлар-ау...» деп басталатын сөзі күркіреген күндей, найзағайдай жарқ етіп, ой салатын. Бірақ сол бір жарқылдың өзінде де жылылық жататын. Бұлттан шыққан күндей, ағайдың сөзі де жанды жадыратып, ойды серпілтіп, жігер беретін.

Ағай басшылық еткен жылдар - біліктілік арттыру жүйесіндегі алтын кезеңдердің бірі болды. Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық қызметкерлері біліктілігін арттыратын республикалық институтына қарайтын 14 облыс, 2 қала және аймақтық институттар бір үйдің баласындай бірігіп, ортақ мақсатқа жұмылды. Әсіресе, республикалық институтымыздың 40 жылдық мерейтойында бұл бірлік айқын көрініс тапты. Облыстық институт басшыларының өзара құрметі мен ұйымшылдығы - ағай қалыптастырған үлкен мектептің жемісі еді.

Ғылыми Кеңестің жұмысы да сол кезеңде ерекше серпін алды. Педагогика саласында өзіндік орны бар, біліктілік арттыру жүйесіндегі маңызды бағыттардың бірі ретінде дамыды. Бұл ағайдың білім мен ғылымға деген құрметінің, ұйымдастырушылық қабілетінің айқын дәлелі.

Ағайдың ұлттық құндылықтарды сақтау мен дәріптеудегі еңбегі де ерекше атап өтуге тұрарлық. Әр сөзінде халық даналығын, мақал-мәтелді орнымен қолдана отырып, ойды тұспалдап, тереңнен қозғайды. Шешендігі, ірілігі мен кесек ойы бірден аңғарылып, тыңдаушыны еріксіз баурап алады.

Өз мамандығына деген адалдығы-ағайдың басты қасиеттерінің бірі. Адалдық сөзбен емес, іспен дәлелденді. Кабинеттегі үнемі ұштаулы қарындашы, жазу дағдысы – оның еңбекқорлығы мен ізденімпаздығының белгісі.

Бүгінде сол өнегелі жолға қарап отырып, ағайдың тек басшы ғана емес, тұтас бір мектеп қалыптастырған тұлға екеніне көз жеткіземіз. Тәлім алған шәкірттері әр салада табысты еңбек етуде.

Құрметті Берікжан Айтқұлұлы! Мерейлі, мәртебелі 75 жасыңыз құтты болсын! Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, баянды бақыт тілеймін. Шәкірттеріңіздің жетістігі Сіздің еңбегіңіздің жемісі! Өміріңіз өнегемен өріліп, ғұмырыңыз мәнді де мағыналы бола берсін!

УЧЕНЫЙ, УЧИТЕЛЬ-НАСТАВНИК И РУКОВОДИТЕЛЬ



Чокушева Алия Иагалиевна,
доктор PhD, директор Центра передового опыта Педагогического института Международного университета Астана

В системе образования особое значение имеют личности, которые соединяют в себе ключевые роли ученого, учителя, наставника и руководителя. Именно такие люди формируют научные школы, развивают педагогическую мысль, определяют профессиональные судьбы молодых педагогов-исследователей и создают системы, способствующие их дальнейшему профессиональному развитию.

К числу таких выдающихся личностей относится Альмухамбетов Берикжан Айткулович — ученый, педагог и руководитель, чья деятельность оказала значительное влияние на развитие системы образования Казахстана и становление молодых ученых-педагогов.

Многолетняя деятельность Берикжана Айткуловича тесно связана с развитием системы непрерывного педагогического образования страны. В течение многих лет он возглавлял Республиканский институт повышения квалификации руководящих и научно-педагогических кадров системы образования Казахстана — ключевую структуру, обеспечивающую профессиональный рост управленцев и педагогов.

Как ученый, Альмухамбетов Б.А. внес значительный вклад в развитие педагогической науки. Его исследования охватывают такие значимые направления как профессиональное развитие педагогов, теория и история педагогики, этнопедагогика, художественно-эстетическое образование. Научные труды ученого направлены на осмысление образования как непрерывного процесса развития личности и профессионального

роста педагога, а научные идеи стали методологической основой для модернизации педагогического образования в Казахстане.

Деятельность Берикжана Айткуловича пришлась на период активных реформ в системе образования Казахстана. Как ученый и руководитель он принимал активное участие в разработке стратегических направлений модернизации образования, внедрении новых образовательных стандартов и обновлении содержания подготовки педагогов. Под его руководством были реализованы программы, направленные на повышение управленческой компетентности руководителей образования, развитие исследовательской культуры педагогов, внедрение инновационных технологий обучения.

Будучи «учителем учителей», он сформировал целое поколение педагогов и управленцев в системе образования. Его деятельность в качестве руководителя Республиканского института повышения квалификации руководящих и научно-педагогических кадров системы образования Казахстана позволила создать эффективную систему непрерывного профессионального развития педагогов. Под руководством Б.А.Альмухамбетова институт стал не просто центром повышения квалификации, а площадкой внедрения инновационных идей, современных педагогических технологий и реализации научных подходов. Здесь формировались новые модели профессионального развития педагогов, ориентированные на непрерывное образование и соответствие международным стандартам.

Берикжан Айткулович рассматривал учителя как центральную фигуру образовательного процесса и подчеркивал важность постоянного совершенствования педагогического мастерства. Благодаря его подходу система повышения квалификации приобрела научно обоснованный и практико-ориентированный характер.

Особое значение в деятельности Берикжана Айткуловича занимает роль наставника молодых ученых-педагогов. Он не только передавал знания, но и помогал формировать научное мышление, определять исследовательские направления и развивать профессиональную уверенность. Его наставничество

включает индивидуальную поддержку исследователей, методологические консультации, развитие научной самостоятельности и формирование исследовательской культуры.

Для меня, как и для многих молодых исследователей 2000-х годов, его роль в выборе научного пути стала определяющей. Профессиональные советы Берикжана Айткуловича помогли мне определиться с направлением научного исследования, сформировать методологическую базу и развить уверенность в научной деятельности. Его наставничество стало основой моего профессионального и личностного роста. Именно в Республиканском институте, под его руководством, произошло моё становление как методиста, преподавателя и менеджера образования, что во многом определило дальнейшую траекторию моего профессионального развития.

Альмухамбетов Берикжан Айткулович является ярким примером ученого, гармонично сочетающего в себе роли исследователя, педагога и наставника, для которого наука и образование стали делом всей жизни.

Сегодня он продолжает неустанно трудиться во благо развития педагогической науки и формирует научные судьбы людей, создавая преемственность поколений в образовании. Его деятельность показывает, что истинная ценность ученого определяется не только научными трудами, но и тем, сколько учеников он вдохновил, поддержал и направил в науку.

ЖЕМІСТІ ЕҢБЕКТІҢ ЗЕЙНЕТІ МОЛ



Дарменова Рахия Абрашетовна
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Өнер және менеджмент институты, кәсіптік білім кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к, профессор м.а.,Ресейдегі жаратылыстану Академиясының профессоры

Дүние жүзінде қаншама ұлт болса, әрқайсысының болмыс-бітімі, өзіне тән ерекшелігі, ана тілі, дәстүрі, өнері, жылдар бойы қатталған тарихы бар. Елдің ертеңі үшін өткенінің өміршеңдігі аса маңызды. Сондықтан тарихты қалыптастыру, сақтау, ұрпақтан-ұрпаққа толықтыра отырып жеткізу өмір ағымымен жалғаса беретін қалыпты құбылыс.

Өнер - халық тарихының шежіресі. Осы өнер арқылы өмірдің кең тынысы, тіршілік құбылыстары, адамның әр түрлі сезімі бейнеленеді. Сөз, әуен, қолөнер адам өмірінің сан ғасырлық тарихынан көптеген нәрсені көрсетіп, алуан түрлі сыр шертеді. Қазақ халқының басынан өткен сан қилы замандар, оның тіршілігі мен дағдарысы, салт-дәстүрі, санасы, өмір сүрген ортасы, әдет-ғұрпы арқылы ұлттық бейнелеу өнері ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, болашақ үшін тарих сахнасына айналды.

Сурет салуды сүю-ол өмірді, табиғатты, айнала қоршаған ортаны сүю. Ол адамның ақыл ойын, парасатын өсіреді, танымын кеңейтеді, ізгілікке, әсемдікке үйретеді.

Өнер әлеміндегі адамдарды өз сана сезімі мен тағдырын дарындылығын толығымен қолдана отырып өмірді өзгертуге оны ғылыммен байланыстыруды батыл ұмтылушылар деп айтуға болады. Осындай батыл шешім иелерінің қатарына біздің ұстазымыз, өзінің әсемдікке деген сүйіспеншілігін білім –ғылым көзіне айналдыра отырып, ғылым мен ұстаздықты қатар ұстаған қадірлі ағайымыз Әлмұханбетов Берікжан Айткулович.

Ғылым жолында талай жастарға жол көрсетіп, білімнің нәрін сүйгіздіріп оны ғылымның шыңына жеткізу бағыттарын беріп докторлық, кандидаттық диссертациялар қорғатып, Қазақстанның білім беру жүйесіне үлесін қосып келеді.

Құрметті Берікжан Айтқұлович, Сізге зор денсаулық, Ғылымның биік шыңдарында әлі де талай қабілетті, білікті, әлемдік стандарттар деңгейінде тиімді жұмыс істеуге лайық, жаңжақты ғалымдар дайындайтыңызға кәміл сенеміз. Мен де сіздің үмітіңізді ақтауға тырысамын. Рахмет.

ВДОХНОВИТЕЛЬ И ЛИДЕР



Насырова Гульнара Усеиновна
Тренер по Кембриджской программе, методист Алматинского колледжа декоративно-прикладного искусства имени Орала Тансыкбаева Министерства культуры и информации Республики Казахстан

Я присоединилась к системе повышение квалификации в Казахстане в начале периода «нулевых» с 2002 года, где начиналась моя городская педагогическая деятельность, в связи с переездом в славный город Алматы. Тогда, для школьного педагога «Республиканский институт повышения квалификации руководящих и научно-педагогических кадров системы образования (РИПК СО) был *«республиканском компасом»* для всех региональных ИПК. Так как, все областные институты во главе РИПК СО прошли путь совершенствования системы повышения квалификации совместно с периодом становления развития независимого Казахстана, выполняя государственную политику в области образования. Республиканский институт как лидер системы повышения квалификации для всех педагогов страны решал основные задачи МОН РК: становление и развитие казахстанской модели образования, формирование казахстанского патриотизма, воспитание поликультурной личности, информатизации учебно-воспитательного процесса, разработка и апробация отечественных учебников нового поколения. Когда, наша Республика, которая с каждым днем становилась все прекраснее и вписывалась в мировую цивилизацию, у штурвала корабля под именем «Система повышения квалификации» стоял ***Альмухамбетов Берикжан Айткулович*** – руководитель с высокими деловыми и организаторскими способностями, ученный, трудолюбивый и энергичный человек.

Я, в стенах РИПКСО, свою деятельность начинала как инспектор по делопроизводству, но благодаря наставлениям

Берикжана Айткуловича: *«Чтобы чего-то достичь, нужно перестать говорить и начать действовать»,* - я неустанно развивалась и поднималась по «карьерной лестнице», проработав заведующим отделом кадровой службы, отделом мониторинга и анализа, методистом, старшим преподавателем, тренером уровневых программ и главным специалистом Академического отдела. Работая с вами, я познала то, что была главной для меня на любом функциональном уровне «относится к людям так, как хочешь, чтобы они относились к тебе».

Я всегда помню, главной кредой моего руководителя была честность, вы не лгали, ради своей выгоды, всегда шли до конца, не бросали начатое дело при первых трудностях. Дорогой мой директор, хочу поблагодарить вас за всё, что вы сделали, за каждый совет, пожелание и поддержку, за понимание и веру. Ваша профессиональная поддержка была для меня бесценна и очень важна в начале моей деятельности на республиканском уровне.

Сегодня, оглядываясь назад, могу утвердит, что Вы были не просто руководителем РИПК СО, а лидером, который сформировал «казахстанскую школу» повышения квалификации. Все коллеги, которые работали с вами высоко ценят и уважают Вас как мудрого руководителя, предприимчивого организатора и сторонника блестящих инициатив.

Уважаемый Берикжан Айткулович, с 75-летием!

От чистого сердца желаю Вам, чтобы оставались всегда душой молодой, не теряли любовь и красоту, никогда не утратили свою эмоциональность, теплоту и дружбу для ваших сотрудников, как делаете по сей день. Желаю долгой и счастливой жизни в кругу семьи, неиссякаемого терпения и неиссякаемой доброты, а также крепкого здоровья.

Пусть ваше настроение будет чистым, как весенние цветы, а ваша жизнь – совершенной, как строки стихотворения!

«АРТЫНА ШӘКІРТ ЕРГЕН ҰСТАЗДЫҢ ЕҢБЕГІ ЕШҚАШАН ЗАЯ КЕТПЕЙДІ»

Берікбол Рахат Рахметоллаұлы
«Шәкәрім университеті»
Өнер кафедрасының меңгерушісі,
PhD докторы, ҚР Суретшілер одағы
Абай облыстық ұйымы
қоғамдық бірлестігінің төрағасы



Ұстазым Альмұхамбетов Берікжан Айтқұлұлының мерейлі 75 жасына арналады

Кез келген шәкірт – өз ұстазының рухани жалғасы. Ол ұстазынан тек білім алып қана қоймай, оның дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын, еңбекке қатынасын, адамгершілік ұстанымдарын бойына сіңіреді. Ұстаз бен шәкірт арасындағы сабақтастық – ұлт руханиятының алтын арқауы. Бұл байланыс үзілмеген жерде ғана білім мен тәрбие жалғасып, рухани мұра ұрпақтан-ұрпаққа табысталып отырады.

Ұстаздың басты миссиясы – тек білім беру емес, сонымен қатар тұлға қалыптастыру. Ол шәкіртінің бойындағы қабілетті танып, оны дамыту арқылы өмір жолын дұрыс таңдауға бағыт береді. Сондықтан да ұстаз еңбегі – көзге көрінбейтін, бірақ қоғам дамуына өлшеусіз ықпал ететін ұлы еңбек. Өкше басар ұрпаққа өнегелі өмірі мен тынымсыз еңбегінің жемісін мұра етіп қалдыру – әрбір ұстаздың азаматтық борышы.

Менің өмір жолымда осындай ерекше із қалдырған ұстаз – Берікжан Айтқұлұлы.

Берікжан Айтқұлұлымен алғашқы кездесуім 2012 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне магистратураға түсу үшін емтихан тапсырған кезде болды. Сол сәтте маған мәдениет пен эстетикалық мәдениетке қатысты сұрақтар қойылды. Жауабымды мұқият тыңдап отырып, «сөз саптау мәдениетің ерекше екен» деген сөзі есімде сақталып қалды. Біз әртүрлі ғимараттарда оқығандықтан, оқу барысында жиі жүздесу мүмкіндігі болмады.

2017 жылы докторантураға түсіп, оқу барысында 2019 жылы ғылыми жетекшімнің басқа қызметке ауысуына байланысты өзіме жаңа жетекші іздеуге тура келді. Таңдауым Берікжан Айтқұлұлына түсіп, оның қабылдауына барып, ғылыми жетекшім болуын өтіндім. Бұл – біздің екінші кездесуіміз еді. Кабинетіне кіріп, амандасқаннан кейін, келу мақсатымды баяндадым. Ол кісі мұқият тыңдап, зерттеу тақырыбым, атқарылған жұмыстарым мен жарияланған мақалаларым жөнінде сұрады. Жауаптарымды тыңдаған соң, келісімін берді. Осылайша ұстаз бен шәкірт арасындағы жүйелі жұмысымыз басталды.
Диссертациялық жұмысымды апарған сайын оның бет-әлпетіндегі мимикасы, ерекше мінезі алғашында маған қызық көрінетін, кейін келе оған да үйреніп кеттім. Диссертациялық кеңес жабылып, оқуымды аяқтаған жылы қорғауға шыға алмай қалғанымда, Берікжан Айтқұлұлы «қорғайсың, кеңес қайта ашылады, сені қорғауым керек» деп үнемі қолдау білдіріп отыратын.

Мен Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде қалып, «Өнер, мәдениет және спорт институты» директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметіне орналасқанымды естігенде, «неге ақылдаспайсың, бұл қызмет сенің ғылыми жұмысыңа кедергі келтіреді, уақытыңды толық алады» деп алаңдаушылық танытып, кейде ренішін де білдіргені бар. Әр хабарласқанда «әй, бұйра бас» деп әзілдейтін. Қызметте жүрген кезімде де шақырып алып, «көңілсіз көрінесің, жұмыс ауыр ма? Әлде қорғай алмағаныңа қынжылып жүрсің бе? Қорғайсың, бәрі болады» деп жігерлендіріп отыратын.
2023 жылы Семейге қоныс аударғанымда да «бәрін тастап кетпе, кеңес ашылады, міндетті түрде қорғайсың» деп үнемі байланыста болып, қолдауын аямайтын. 2025 жылы біздің мамандық бойынша диссертациялық кеңес ашылып, Берікжан Айтқұлұлы «жұмысыңды алып кел, дайындал» деп жігер беріп, бағыт-бағдар көрсетті. Сол жылы диссертациямды сәтті қорғадым.

Берікжан Айтқұлұлы сырт келбеті еңселі болғанымен, жан дүниесі өте жұмсақ, кең пейілді жан. Ол өзінің қажырлы да айшықты еңбегі арқылы талай жас маманды тәрбиелеп, шәкірттерінің жүрегіне нұр құя білген өнегелі ұстаз.

Қорытындылай келе, ұстаз бен шәкірт арасындағы рухани байланыс – уақытпен өлшенбейтін мәңгілік құндылық. Ұстаздың жүрек жылуымен берілген білімі мен тәрбиесі шәкірт өмірінде өшпес із қалдырып, оның болашағына жол ашады. Осындай ұлы тұлғалардың арқасында ұлттың рухани іргетасы нығайып, мәдениеті мен өнері өркендей түседі.

ПАРАСАТ ПАЙЫМЫ БИІК ЖАН



Сарсекенова Айсұлу Бағытқызы
Өрлеу БАҰО АҚФ Атырау Кәсіби даму институтының оқытушысы

1997 жылы Республикалық басшы және ғылыми педагогикалық кадрларды біліктілігін арттыратын институтына біліктілікті арттыру курсына барғанда кездесіп, директор болып тағайындалғанын естідім. Ол уақытта институт Митина көшесінде болатын, мен Балықшы ауданы білім бөлімінде әдіскер және Ломоносов атындағы орта мектепте орыс тілді мектепте қазақ тілінен сабақ беретін едім, курсқа бардым.

Жаңа басшы курс өтіп жатырған кабинеттерге кіріп, аралап, амандасып шықты. Берікжан Айтқұлұлын бірінші көргенде ақыл-парасаттылық, адамдарға кіші пейіл нәзік сезімталдықпен қарайтынын байқадым. Көңілімізді көтеріп сөйледі.

Сол курс кураторы, жетекшіміз Шаймерденова Гүлзада, бізге дәріс оқыған даңқты мұғалім Бітібаева Қанипа Омарғалиқызымен де алғашқы танысып, сол уақытта жақсы құнды материалдар жинақтадым.

Кейіннен де институтқа түрлі курстарға қатысып жүріп байқағаным, Берікжан Айтқұлұлының бойында қазіргі сөзбен айтқанда барлық жұмсақ, адамға тән жақсы қасиеттердің барлығы, бір сабақта менің қолымдағы күміс сақинаны байқап,

оюы ерекше екен, қолдан жасалған, әдемі, бізде кездесе бермейді дегені есімде.

Осы жылдары алғашқы төл оқулықтар, жаңа буын оқулықтарды енгізуге, жалпы орта білім беру және бастауыш сынып оқушыларына арналған оқулықтар, бағдарламалармен таныстыру, мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыруға да қатысты курсқа қатыстым. Курс Алматы қаласы Жамбыл көшесінде орналасқан Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі ЫбырайАлтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы мен институт базасында ұйымдастырылған болатын. Курста Берікжан Айтқұлұлы, Күлжан Жүнісова, Оспанов Төлеген Қаражанұлы басқа да оқулық авторлары дәріс оқыды. Ұлттық деген дүниелерге ынтық болып, іздеп жүрген кезіміз ғой қазақтың ою-өрнектері тақырыбына қатысты Берікжан Айтқұлұлына сұрақтар көп болды. Курста бізге шеберлік сабақ ұйымдастырып, бейнелеу, сурет, кескіндеме, композиция деген түсініктерді өз тәжірибесімен бөлісті. Шебер суретші екен, сол жолы кәсіби маман болумен қатар, ғылыми жетістіктерінен хабардар болдық.

Парасатты адам - тарих тағылымын, ата-бабалардан қалған өмір сабақтарын, жол-жосығын, үлгі-өнегені зердесінде ұстау ғана емес, өзі кезінде өзгерістерін ескере отырып пайдалана алуы болса, оны өзгеге үйрете, түсіндіре, қолануға тәрбиелеуі мықтылық, осындай мықты пайым, парасат иесі Берікжан Айтқұлұлы

2002-2012 жылдары Атырау облыстық кадрлар біліктілігін арттыратын және қайта даярлайтын институтта жұмыста болғанда қосымша жұмысым Ұлттық ғылыми практикалық білім және сауықтандыру «Бөбек» орталығы ұйымдастырған тәжірибелік пән алаңына жауапты болдым. Жылына бірнеше мәрте курсқа қатысамыз, ғалымдар, оқулық авторларымен, Жадрина Мақпал Жұмабайқызының жетекшілігімен пәннің әр сабағын, тақырыптарымен, бағдарламалық, тұжырымдамалық талаптар бағытында көп жұмыстар атқарылды. Бір курсқа барғанымда Берікжан Айтқұлұлы алдымызда тұр. «Біздің әріптестер, әдемі қыздар, қалайсыздар» деп жағдайымызды сұрап жатыр. Оның жадыраған қалпы, түр - тұлғасы адамның көңілін

аулайтын әзілдерін естігенде мәз болмайтын жан аз шығар, барлық адаммен тіл табысып, қарым қатынасты реттеу қазіргі заманда таптырмас қасиет десек, осы қасиеттер жиынтығынан Адам құндылығы анықталары анық.

Биік шыңдай нұрын шашқан санаға,
Пейілі кең, ұқсар жазық далаға.
Елі үшін еңбек еткен жыл саны,
Жетпіс бес жас құтты болсын Нар аға!
Лайықты боп, Қазақ ұлы дегенге,
Тамыр тартқан білімімен тереңге.
Құрметіне ел-халқының бөленген,
Мықты Ұстаз, ұқсар ісі " беренге".
Ардақтаған халықпыз ғой Ұлысын,
Сондықтан да таусылмасын ырысың.
Мерей тойды думандатқан сарайдың,
Ашқандай-ау, көкіректің тынысын.
Айтқан дұрыс жақсыларды мақтанып,
Ғасыр жатсын жүректерде сақталып.
Елі үшін еңбек еткен жақсының,
Тұрсын әркез әз басына бақ дарып.
Мерей тоймен құттықтаймын жақсы адам,
Тойға ұласқай бұл тойыңыз бастаған!
Жақсыларға арналатын жақсы сөз,
Боп тарасын жер бетіне асқақ ән!
Ғалымға деп мөлдір таза көңілден,
Жыр арнадым ақ пейілмен өрілген!
Құтты болсын мерейлі бұл жасыңыз,
Тәңірінің қалауымен берілген!
Адамдықтың шығып биік шыңына,
Тараттыңыз жас ұрпаққа шұғыла!
Білім жолын меңгердіңіз жоғары,
Үңілдіңіз теңіз білім, терең ғылым жолына.
Биіктерді бағындыра білдіңіз,
Адалдықты биік ұстап жүрдіңіз.
Сондықтан да иініңіз түспестен,
Даңқты ҚАЗАҚ ҰЛЫ болып өмір сүрдіңіз!

Ата салты құнын биік бағалап,
Ұсындыңыз шәкірттерге саралап.
Сіз үйреткен өнегеден үлгі алған,
Ұрпақ бүгін мақтаныш деп санамақ!
Ардақты Ұстаз!
Бар мақтауға лайықты,
Ақсақалдық сөз саптаған байыпты.
Қолдауыммен бәйтеректей мәуелі,
Жетпіс беске бүгін қанат жайыпты.
Аға болған талай жасқа бағалы,
Құттықтаймын мерейтоймен ағаны!
Есте қалар мереке боп бұл думан,
Жол салсыншы 100 жасқа да саралы!

Берікжан Айтқұлұлы өрісі зор, өнегесі мол ғибратты жасқа жетуіңізбен! Мерейлі жасыңыз мүмкіндік, қуат, жаңа бастамаларға жол аша берсін! Ғылым жолында еңбегіңіз жана берсін, әрдайым танымның тереңіне бойлатып, ойдың биігіне самғатқан шәкірттеріңіздің құрметі мен алғысына бөлене беріңіз. Білім, ғылым жолындағы көшбасшылық қарым қабілетіңіз жарық беріп, креативті идеяларыңызбен әр студент қоржынын тың жаңалықтармен толықтыра бергеніңіз үшін Алғыс. Бүгінгі 75 жасқа толған мерейлі тойда өзіңізге денсаулық, ұзақ ғұмыр, әулетіңізге баянды бақыт тілеймін!

Мейірім қажет кезде Аға бола білген,
Ақыл қажет кезде Дана бола білген
Өр кеудеңізбен Дара бола білетін жансыз
Бір адам жаққан отқа он адам жылынады деген
Сол отқа жылынуға қанша жан жиналып отыр
Сіз бақыттысыз, жел тұрса ық болатын
Дауыл тұрса пана болатын, Ыстық кезде сая болатын
Сізге құшағын жая қалатын осында қанша жан бар?
Сіз бақыттысыз?

ҒАЛЫМ-ҰСТАЗДЫҢ ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫРЫ



Сания Бектенғалиева

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, білім саласының ардагері, Алматы қаласы

Қоғам дамуында есімі ел жадында сақталып, кейінгі буынға өнеге болатын тұлғалар болады. Әсіресе, білім беру жүйесінде, соның ішінде педагог кадрлардың біліктілігін арттыру саласында мұндай тұлғалардың орны ерекше. Осындай көрнекті қайраткерлердің бірі – педагогика ғылымдарының докторы, профессор Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетов.

Қазақ зиялыларының көрнекті өкілі Әлихан Бөкейхан «Қаламды жазбасқа амалың қалмағанда ғана қолыңа ал» деген өсиетімен шығармашылық пен жауапкершіліктің биік өлшемін айқындап берген. Осы тағылымды сөзді негізге ала отырып, ұстаздық пен ғалымдық жолын ұштастырған, ел игілігі үшін аянбай еңбек еткен тұлға туралы қалам тербеу – парыз.

Берікжан Айтқұлұлының есімі тек ғылыми ортада ғана емес, педагог кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесінде де айрықша құрметке ие. Ол ұзақ жылдар бойы республикалық деңгейдегі білім жетілдіру институтын басқарып, аталған жүйенің мазмұндық және ұйымдастырушылық тұрғыдан жаңаруына елеулі үлес қосты. Басшылық қызметінде ол білім беру мазмұнын жаңғырту, әдістемелік қызметтің сапасын арттыру, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту бағытында жүйелі реформаларды жүзеге асырды.

Берікжан Айтқұлұлының кәсіби жолы педагог кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесімен тығыз байланысты. Ол ұзақ жылдар бойы республикалық және өңірлік деңгейдегі білім жетілдіру институттарымен өзара ықпалдастықта еңбек етіп, аталған жүйенің дамуына елеулі үлес қосты. 1988–2009 жылдар аралығында менің Оңтүстік Қазақстан облыстық педагог кадрлардың біліктілігін арттыру институтында қызмет атқарып,

оның ішінде 1999–2009 жылдары институт директоры лауазымында болған кезеңде Берікжан Айтқұлұлының басшылық қолдауы мен кәсіби бағыт-бағдарының маңызы ерекше айқындалды. Ол әріптестеріне тек басшы ретінде емес, тәжірибелі тәлімгер, ғылыми жетекші ретінде ықпал етіп, институционалдық дамудың жаңа деңгейге көтерілуіне жағдай жасады.

Ғалымның бастамасымен ұйымдастырылған ғылыми-тәжірибелік конференциялар, білім беру мекемелерімен өзара ынтымақтастық, өңірлік және республикалық деңгейдегі педагогикалық қауымдастықтардың кәсіби дамуына бағытталған іс-шаралар – оның басқарушылық шеберлігінің айқын дәлелі. Әсіресе, институттың мерейтойлық іс-шараларына қатысуы, педагогикалық қоғамдастық алдында білім беру жүйесінің өзекті мәселелерін талқылауы, өңірлік институт жұмысының беделін арттыруы – ерекше атап өтерлік жайттар.

Берікжан Айтқұлұлы – мыңдаған шәкірт тәрбиелеген ұлағатты ұстаз, ғылыми мектеп қалыптастырған көрнекті ғалым. Оның ғылыми еңбектері мен педагогикалық қызметі отандық білім беру жүйесінің сапасын арттыруға, педагогтердің кәсіби дамуына, білім беру мазмұнының жаңаруына бағытталған. Ғалымның зерттеулері педагогика ғылымының өзекті мәселелерін қамтып, теория мен практиканың өзара байланысын нығайтуға үлес қосты.

Бүгінде ол Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы Ақсақалдар алқасының төрағасы ретінде өзінің тәлімгерлік миссиясын жалғастырып, жас ұрпаққа рухани-адамгершілік бағыт-бағдар беріп келеді. Бұл оның өмірлік ұстанымының – білім мен тәрбиені ұштастыра отырып, қоғамға қызмет ету қағидасының заңды жалғасы.

Профессор Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетовтің 75 жасқа толуы – бұл тек мерейтойлық дата ғана емес, ғылым мен білім жолындағы табанды еңбектің, азаматтық парасаттың, ұстаздық миссияның жарқын көрінісі. Оның өмір жолы – кәсіби адалдықтың, ғылыми ізденістің, адамгершілік құндылықтардың үлгісі.

Осы мерейлі жасқа толуына орай ғалым-ұстазға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасы амандығын, ғылым мен білім

жолындағы еңбегіне толағай табыс тілейміз. Ұлағатты ұстаздың өнегелі жолы алдағы уақытта да талай буын үшін рухани шамшырақ бола беретіні сөзсіз.



Оспанов Баймұрат Ермағанбетұлы
п.ғ.к.,өнертану доценті, профессор, ҚРСО және ҚРДО мүшесі, Астана халықаралық университетінің профессоры, ҚР Жоғарғы Білім беру ісінің құрметті қызметкері, ҚР Мәдениет сласының үздігі, ҚР Құрмет орденнің иегері

Қадірменді Берікжан Айтқұлұлы!

Сізді 75 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!!

Сіз осы ғұмырыңызда – отандық білім беру жүйесінің дамуына, педагогика ғылымының өркендеуіне, ұлттық көркемөнер арқылы тәрбие беру ісінің қалыптасуына арналған тағылымы мол, өнегелі жол салдыңыз. Өзіңіздің саналы өміріңізде жас ұрпақты тәрбиелеуге, ғылым мен білімді дамытуға арнап, ел игілігі жолында қажырлы еңбек етіп келесіз. Осы педагогика ғылымының көрнекті өкілі, білікті ғалым, жоғары мектептің тәжірибелі ұстазы, іскер басшы және көркем-педагогикалық білім беру саласының іргелі бағыттарын қалыптастырған тұлғалардың бірісіз. Сіздің ғылыми еңбектеріңіз бен әдістемелік ізденістеріңіз ұлттық өнердің тәрбиелік әлеуетін терең ашып, білім беру мазмұнын жаңғыртуға айрықша үлес қосты. Сіздің жетекшілігіңізбен даярланған ғылыми кадрлар, жарық көрген монографиялар мен оқулықтар, енгізілген инновациялық білім беру бағдарламалары – еліміздің зияткерлік әлеуетін арттыруға қосылған баға жетпес үлес. Сіз қалыптастырған ғылыми мектеп пен педагогикалық тәжірибе бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтпай, жас

ғалымдар мен педагогтар үшін сенімді бағдар болып отыр.Сіздің ел алдындағы еңбегіңіздің айқын дәлелі - ол сізді кәсіби қызметіңіз үшін мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, түрлі марапаттар мен атақтарға ие болғаныңыз, осымен қатар әрдайым биік адамгершілік қасиеттеріңіз, зиялылығыңыз, бұл да ел ортасындағы абройыңыздың мәртебелік көрсеткші деп білемін

Осы айтулы мерейтойыңызда Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасылық амандық, шығармашылық табыс және жаңа ғылыми жетістіктер тілеймін. Сіздің өмірлік ұстанымдарыңыз бен бай тәжірибеңіз алдағы уақытта да ел игілігіне қызмет ете беретініне сенім білдіремін.

ҚР ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ ОРТА БІЛІМ БЕРУ КОМИТЕТІНІҢ 2025 ЖЫЛҒЫ 24 АҚПАНДАҒЫ №20-3-20-7/1428-И ХАТЫНА СӘЙКЕС ҮЗДІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕНІ ЖАРИЯЛАУ ҮШІН ҰСЫНЫЛҒАН БАСЫЛЫМДАР ТІЗІМІНЕ ЕНГЕН ЖУРНАЛ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!!!
АҚ «Қазпоштаның» 2026 жылға арналған каталогында қате кеткен, содықтан осы кесте арқылы төлемақы жасауларыңызды сұраймыз!

Редакция

Индекс	Басылым аты, редакция телефоны Наименование изданий, телефоны редакций	Жылына шығарылым саны Периодичность в год	Жазылу мерзімі Срок подписки	Жазылу бағасы Подписная цена	
				Қала/город Заңды тұлға/юр.лицо жеке тұлға/физ.лицо	Қала/город жеке тұлға/физ. лицо
					Ауыл/село жеке тұлға/физ. лицо Заңды тұлға/юр.лицо
75737	**ҚАЗАҚСТАН МЕКТЕБІ** *қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде на казахском, русском и английском языках ғылымипедагогикалық әдістемелік материалдар мен тәжірибе, ғылыми педагогикалық жаңалықтар жарияланады тел. 8 (702) 372-33-12 Алматы*	**12**	**3 ай**	**3 607,11**	**3 470,13**
			6 ай	**7 214,22**	**6 940,26**
			12 ай	**14 428,44**	**13 880,52**